

С.М. Парпиев^{*}, А.Е. Мухаметжан^{*}, Д.К. Жекенов^{*}

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
*e-mail: parpiyev.syrym@gmail.com

РЕАЛИЗМ КОНТЕКСТІНДЕГІ «ШАҒЫН МЕМЛЕКЕТТІҢ (SMALL STATE)» СЫРТҚЫ САЯСАТЫН ТАЛДАУ: ҚЫРҒЫЗСТАН МЫСАЛЫНДА

Бұл зерттеу Қырғызстанның шағын мемлекет ретіндегі сыртқы саясатын реалистік контекстте талдауды мақсат етті. Зерттеу авторлары реализм тұжырымы негізіндегі халықаралық және аймақтық қатынастардағы шағын мемлекеттердің сыртқы саясатының сипаты мен болмысы туралы концепцияларды сараптай отырып, алты түрлі концептуалдық сараптамалық критерийлерді қалыптастырды. Зерттеу нәтижесіне сүйенсек,

Біріншіден, Қырғызстанның әлемдік үрдістерге пассивті қатысуы оның шағын мемлекет ретіндегі мүмкіндіктерінің шектеулі екенін көрсетті. Мемлекеттің әскери-саяси, әлеуметтік, экономикалық әлеуетінің шектеулілігі оның халықаралық қатынастарда дербестікке қол жеткізуге кедергі келтіреді. Екіншіден, Қырғызстанның халықаралық бастамалары негізінен символикалық сипатта болып, стратегиялық артықшылықтар бермеді. Бұл мемлекеттің аймақтық және әлемдік саяси үдерістерде сыртқы бастамаларға тәуелді болуына алып келді. Үшіншіден, Қырғызстанның географиялық орналасуы мен табиғи ресурстарының шектеулілігі оған өз мүддесіне сай, тиімді сыртқы саясат жүргізуге мүмкіндік бермейді. Төртіншіден, қалыптасқан халықаралық құқық нормаларына сүйену елдің әлемдік үдерістерде егемендігін сақтаудағы маңызды стратегия болып табылады. Бесіншіден, халықаралық ұйымдарға мүше болуға ұмтылу, оның сыртқы қауіп-қатерлер мен сын-тегеуріндерге төтеп берудің басты стратегиясы болып табылады. Алтыншыдан, Қырғызстан сыртқы саясатында классикалық бейтараптыққа ұмтылмайды. Себебі оның территориясында АҚШ пен Ресей әскери базалары бар. Сондықтан, реализм концепциясы Қырғызстанның сыртқы саясатының сипаттарын түсіндіруде маңызды рөл атқарады.

Түйін сөздер: сыртқы саясат, реализм, шағын мемлекет, Қырғызстан, мемлекеттік мүдде.

S.M. Parpiyev*, A.E. Mukhametzhan, D.K. Zhekenov
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: parpiyev.syrym@gmail.com

Analyzing the Foreign Policy of a Small State in the Context of Realism: The Case of Kyrgyzstan

This research aimed to analyze the foreign policy of Kyrgyzstan as a small state in the context of the school of political realism. By examining the nature and essence of the foreign policy of small states in international and regional relations based on the concept of realism, the authors formed six different conceptual expert criteria.

Based on the results of the study, firstly, Kyrgyzstan's passive participation in global trends indicates that its capabilities as a small state are limited. The limited military-political, social, and economic potential of the state prevents it from achieving independence in international relations. Secondly, Kyrgyzstan's international initiatives are mostly symbolic in nature and do not provide it with strategic advantages. This results from the state's dependence on external initiatives in regional and global political processes. Thirdly, the geographical location and limited natural resources of Kyrgyzstan hinder its ability to pursue an effective foreign policy in its interests. Fourthly, reliance on established norms of international law is an important strategy for preserving the country's sovereignty in global processes. Fifth, the desire to become a member of international organizations serves as its main strategy for overcoming external threats and challenges. Finally, Kyrgyzstan does not seek classical neutrality in foreign policy, as military bases of the United States and the Russian Federation are located on its territory. Thus, the concept of realism plays a crucial role in interpreting the nature of Kyrgyzstan's foreign policy.

Key words: foreign policy, realism, small state, Kyrgyzstan, national interests.

С.М. Парпиев*, А.Е. Мухаметжан, Д.К. Жекенов
Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан
*e-mail: parpiyev.syrym@gmail.com

Анализ внешней политики «малого государства (small state)» в контексте реализма: на примере Кыргызстана

Это исследование было направлено на анализ внешней политики Кыргызстана как небольшого государства в контексте школы политического реализма. Анализируя концепции о характере и сущности внешней политики малых государств в международных и региональных отношениях на основе концепции реализма, авторы исследования сформировали шесть различных концептуальных экспертных критериев. Исходя из результатов исследования, это, во-первых, пассивное участие Кыргызстана в мировых тенденциях показывает, что его возможности как небольшого государства ограничены. Ограниченность военно-политического, социального и экономического потенциала государства препятствует достижению им самостоятельности в международных отношениях. Во-вторых, международные инициативы Кыргызстана носили преимущественно символический характер и не давали ей стратегических преимуществ. Это является результатом того, что государство зависело от внешних инициатив в региональных и мировых политических процессах. В-третьих, географическое положение и ограниченность природных ресурсов Кыргызстана не позволяют ему проводить эффективную внешнюю политику в своих интересах. В-четвертых, опора на устоявшиеся нормы международного права является важной стратегией сохранения суверенитета страны в мировых процессах. В-пятых, стремление стать членом международных организаций является его главной стратегией преодоления внешних угроз и вызовов. В-шестых, Кыргызстан не стремится к классическому нейтралитету во внешней политике, поскольку на его территории были расположены военные базы США и РФ. Таким образом, концепция реализма играет важную роль в трактовке характера внешней политики Кыргызстана.

Ключевые слова: внешняя политика, реализм, малое государство, Кыргызстан, государственные интересы.

Кіріспе

Халықаралық қатынастар және әлемдік саяси үдерістердегі шағын мемлекеттердің рөлі мен үлесін қандай контекстте қарастыру қажет? Соңғы жарты ғасырдан астам уақыт бойы халықаралық және аймақтық қатынастарды танушы ғалымдар осы сұраққа жауап табуға тырысты. Көптеген ғалымдар мен сарапшылар жаһандық «жоғарғы деңгейлі саясаттың (high politics)» болмысы мен табиғатын түсіну шеңбері әлемдік кеңістікті барынша қамтитын кең перспективаны қажет ететінімен келіседі (Long, T., 2022:17). Оның үстіне, халықаралық және аймақтық қатынастардағы қалыптасқан дәстүр бойынша, жаһандық саяси үрдістерді қозғаушы және реттеуші акторлар ретінде супер (super powers) және ұлы державалардың (great powers) саяси шешімдері мен оған сәйкес атқарылған саяси әрекеттері қарастырылды (Morgenthau, J.H. & Thompson, K.W., 1997, Corbett, J., & Veenendaal, W., 2019). Себебі, неореализм өкілі К. Уолтцтың пікірінше, әлемдік үрдістерді тұжырымдауда шартты түрде *Малайзия мен Коста-Рика сияқты мемлекеттердің саяси әрекеттеріне негіздеу мемлекеттің экономикасын екінші деңгейлі (жанама, негізгі рөл ойнамайтын) экономикалық секторларға сүйенумен барабар* (Waltz, K.N., 1979:72).

Сөйкесінше, ұлы державалардың халықаралық саясаттағы үстемдігін дәріптейтін бұл тенденция Екінші дүниежүзілік соғысынан кейінгі кезеңнен бастап XX ғасырдың 80-жылдардың соңына дейін өз жалғасын тапты. Ұлы державалардың саны мен олардың өзара әрекеттестігі әлемдік саяси қатынастардың негізгі зерттеу ортасына айналды.

XX ғасырдың 90-жылдарындағы коммунистік блоктың ыдырауымен биполярлық жүйенің құлауы – халықаралық қатынастарды зерттеудің жүйелік тәсілден (systematic approach) өзара қарым-қатынастық тәсілге (relational approach) ауысуына, халықаралық және аймақтық қатынастардың акторлардың түрліленуі мен көпжақтылығына алып келді (Long, T., 2022:17). Бұл әлемдік саяси үрдістер мен халықаралық қатынастарды зерттеулердің шағын мемлекеттердің әлемдік саяси үрдістердегі үлесі ескермегендігін, немқұрайлы қарап келгендігін айқын көрсетті.

Екінші дүниежүзілік соғысынан кейінгі колониалды жүйе мен империялардың ыдырауы, ұлтшылдық (национализм) идеяның таралуы мен әлемдік тәртіптегі халықаралық институционалды архитектураның берік орнығуы, халықаралық құқықтық заңдардың жоғарылығына сенімнің артуы сайып келгенде шағын егеменді

мемлекеттердің халықаралық қатынастардағы маңыздылығын қайта қарауға мәжбүр етті (Baldacchino, G. & Wivel, A., 2020:16).

Территориялық аумақтың кішілігі мен күшінің әлсіздігі мемлекеттің сыртқы саясаты жоқ екендігі, халықаралық аренадағы беделінің төмен екендігін, сонымен қатар, ұлы державалардың ықпалынан мүлде шыға алмайтындығын білдірмейді. Бір ғана Ватиканның XX ғасырдың 80 жылдары Польшадағы ішкі саяси күштердің алауыздығынан пайда болған саяси дағдарысты жұмсартуға, кейіннен біржолата шешуге ат салысқандығы шағын мемлекеттің халықаралық қатынастардағы әлеуетін көрсетуге мысал бола алады. Ватиканның қолдауымен Польша католик шіркеуі (Костёл) коммунистік Польша бірлескен жұмысшылар партиясы (Polska Zjednoczona Partia Robotnicza) мен оған оппозиция болған «Ынтымақ» өзін-өзі басқаратын кәсіподақ (Niezależny Samorządny Związek Zawodowy «Solidarność») басшыларының диалогқа келуін қамтамасыз ету арқылы бертін келе, Польшаның авторитарлық жүйеден демократиялық жүйеге бейбіт түрде ауысуына себепші болды (Новикова, И.Н., 2022:220). Бұл сияқты жекелеген тарихи кәйстер жеткілікті.

Шағын мемлекеттердің сыртқы саясаты мен халықаралық және аймақтық қатынастардағы орнын түсінудің маңыздылығын келесідей атап өтуге болады. Біріншіден, қазіргі кездегі Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) мүше 193 мемлекеттің басым бөлігі шағын мемлекеттерден тұрады. Бұл халықаралық және аймақтық акторлардың түрліленгендігін білдіреді. Екіншіден, бұған дейінгі халықаралық қатынастардағы зерттеулер супер және ұлы державаларға бағытталды. Алайда, қазіргі таңдағы туындап отырған жаһандық мәселелерді шешуде супер және ұлы державалардың әрекеті жеткіліксіз болуда. Кез-келген жергілікті-аймақтық, халықаралық жанжалдар міндетті түрде сол географиялық кеңістікке тиесілі шағын мемлекеттердің қатысуынсыз шешілмейді. Үшіншіден, бұған дейін шағын мемлекеттердің сыртқы саясаты супер және ұлы державалардың саяси әрекеттері шеңберіндегі дискурспен түсіндіріліп келді. Бұл халықаралық және әлемдік саяси үдерістердің болмысы мен табиғатын толық түсінуге мүмкіндік бермейді. Төртіншіден, шағын мемлекеттердің қазіргі таңдағы халықаралық және аймақтық қатынастардағы интеграция, қауіпсіздік, бітімгерлік дербес статусы өсуде (Новикова, И.Н., 2022:222). Бұл шағын мемлекеттердің мәртебесін мойындауға және халықаралық қатынастардағы ұлы держа-

валарды дәріптейтін «гигантизмшілдіктен» арылуға, жағдайға объективті баға беруге мүмкіндік береді.

Бұл зерттеу қазіргі таңда әлемдік саяси үдерістердегі шағын мемлекеттің сыртқы саясатының болмысын халықаралық қатынастар тұжырымдарының (international relations theories) негізгі бағыттарының бірі болып саналатын реализм контекстінде сипаттауға бағытталады. Халықаралық қатынастардағы реализм мемлекеттің сыртқы саясатын – халықаралық анархиялық жағдайдағы мемлекеттік мүдде (state interests), мемлекеттің өміршеңдік қабілеті (survival nature), өз-өзіне ғана көмектесу (self-help) шеңберінде қарастыратындығын ескерсек (Jesse, N.G., 2006:13), шағын мемлекеттер бұл жағдайда өмір сүруі, қауіпсіз болуы үшін ұлы державалармен белгілі бір трансұлттық немесе аймақтық блокқа қосылуы тиіс. Дегенмен де, кейбір шағын мемлекеттер қақтығыстар жағдайында бейтараптықты сақтай отырып, ешбір бірлестіктерге қосылмай өз егемендігін сақтап қалған жағдайлар да тарихта жоқ емес. Осы орайда, реализм тұжырымы шағын мемлекеттердің сыртқы саясатының болмасын қаншалықты сипаттай алатындығы тиянақты және объективті сараптауды қажет етеді.

Зерттеу жұмысының кейс-стади немесе кейс-талдау объектісі ретінде Орталық Азия мемлекеті – Қырғызстан таңдап алынды. Зерттеу жұмысы алдымен, шағын мемлекетке (small state) қатысты қазіргі дейінгі қалыптасқан тұжырымдар негізінде Қырғызстанның шағын мемлекет екендігін дәлелдеуді мақсат етеді. Сосын, шағын мемлекеттің қазіргі халықаралық және аймақтық қатынастардағы, әлемдік саяси үрдістердегі сыртқы саясатының реализм тұжырымыдағы қалыптасқан критерийлері арқылы Қырғызстанның сыртқы саясатының артықшылықтары мен шектеуліктерін табуға ат салысады.

Зерттеудің әдіснамалық базасы ретінде екінші деңгейлі деректерді талдау әдісі (secondary data analysis methods) қолданылады. Екінші деңгейлі деректерді талдау әдісі – бұған дейінгі тақырып аясында жүргізілген зерттеу жұмыстары, құқықтық-нормативтік құжаттар, келісім-шарттар, БАҚ дереккөздерінде жарық көрген материалдарды жинақтауға, сұрыптауға, өңдеуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің тұжырымдық негіздемесі

1. Ілгерідегі зерттеулерге шолу

1) «Шағын мемлекеттердің (small states)» сыртқы саясаты» туралы зерттеулер

Халықаралық қатынастардағы шағын мемлекеттердің орны туралы зерттеулер тарихи тұрғыдан ертерек пайда болғандығы туралы деректер бар. Еуропалық, соның ішінде, неміс саясаттанушы ғалымдары шағын мемлекеттердің сипаты туралы XVIII-XIX ғасырларда қызығушылық танытқан. Бұл неміс саясаттанушы интеллектуалды ортаның Германия территориясындағы шағын және кіші князьдықтарды қалай біріктіруге болатындығы туралы саяси жоба аясында Ұлы Германияны қалыптастыру идеясымен тығыз байланысты болды (Sieber, E., 1920; Carris, O.V., 1923; Bratt, E., 1951). Алайда, неміс академиялық ортадағы бұл ілім бағыты XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап кең тараған «ұлтшылдық (nationalism)», «ұлттық мемлекет (nation-state)» идеясының дамуымен ғалымдар назарынан тез-ақ тыс қалды. Басқаша айтқанда, «шағын князьдықтар (kleinstaaterei)» Ұлы Германия империясының бірігу идеясына қарамақайшы келді (Amstrup, N., 1976).

Ал, Бірінші дүниежүзілік соғысынан кейінгі кезеңде империялардың құлауы әлемдік саяси картада көптеген шағын мемлекеттердің пайда болуына алып келді. Жаңадан құрылған шағын мемлекеттер Ұлттар Лигасының құрылу үдерісіне белсенді ат салысты. Соғыстан кейінгі кезеңдегі либералды идеалистік идеялар мен халықаралық құқық негізінде құрылған мемлекет үсті халықаралық ұйымның іс жүргізуі шағын мемлекеттер үшін өмірлік маңызды оқиғаға айналды. Ұжымдық қауіпсіздік құбылысының қалыптасуы шағын мемлекеттердің халықаралық үдерістердегі рөлін арттырды. Алайда, нацистік идея мен фашизм негізінде басталған Екінші дүниежүзілік соғысы парадоксты түрде алып державалардың шағын мемлекеттерді біртіндеп жаулап алуына, және шағын мемлекеттердің ұлы державалардың қолдауынсыз өмір сүре алмайтындығын қысқа перспективада көрсетті. Десе де, осы қысқаша мерзім шағын мемлекеттерді халықаралық үдерістердегі қатысу маңыздылығына немқұрайлықпен қарауға болмайтындығын көрсете алды.

А. Бейкер Фокс Екінші дүниежүзілік соғысы кезеңде неге кейбір шағын мемлекеттер өз егемендігінен айырылып қалғандығына (Дания, Норвегия, Финляндия және БЕНИЛЮКС мемлекеттері), ал, керісінше, кейбір шағын мемлекеттер (Швеция, Испания, Түркия, Швейцария, Ирландия және Португалия) соғысқа қосылмай, бейтараптылықты сақтау арқылы өз егемендіктерін сақтап қалғандығына назар аударды. Бейкер Фокстың пікірінше, шағын мемлекеттердің

егемендігін сақтап қалуы/айырылып қалуы оның ішкі (басқару элитасының дипломатиялық қабілеті) және сыртқы (геостратегиялық орналасуы) факторларға байланысты екендігін анықтады (Baker Fox, A., 1959).

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңнен қазіргі кезге дейінгі шағын мемлекеттердің сыртқы саясаты туралы зерттеулердің бағыттарының қалыптасуы мен даму кезеңдерін үш топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең – 1950-1970 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезеңдегі шағын мемлекеттердің сыртқы саясаты Қырғи-қабақ соғысы мен колониалды жүйенің ыдырауы кезеңімен түспа-түс келді. Бір жағынан Қырғи-қабақ соғысы кезеңде шағын мемлекеттердің сыртқы саясаты екі супердержава – АҚШ пен КСРО-ның ықпалды аймағына кіруге немесе қосылмау принципі бойынша үшінші әлемнің бөлігі ретінде аграрлы артта қалушы мемлекет ретінде қалу жолын таңдауға мәжбүр болды. Бұл кезеңдегі зерттеулердің фундаменталды ерекшелігі супердержавалармен қарым-қатынас шеңберінде шағын мемлекеттердің егемендіктен айырылмай, өз өмірін сақтап қалу мәселесіне бағытталғандығымен өзгешеленеді (De Russett, A., 1954; Baker Fox, A., 1959; Vital, D., 1967; Liska, G., 1968; Rothstein, R., 1968; Keohane, R. O., 1969) Зерттеулердің негізгі бағыты – халықаралық қауіпсіздік және шағын мемлекеттердің халықаралық ұйымдар мен әскери блоктарға қатысты сыртқы саясатының ерекшеліктері болды (Ingebrietsen, Ch. et.al., 2006:17).

Егер 1950-1970 жылдардағы зерттеулер негізінен шағын мемлекеттердің қауіпсіздігі мен алпауыт державалар қарым-қатынастары шеңберінде өміршендігін сақтап қалуға бағытталған болса 1980-1990 жылдар аралығындағы кезеңдегі зерттеулердің дені шағын мемлекеттердің сыртқы саясатындағы стратегиялық мүмкіндіктердің перспективалық мәселелеріне бағытталды (Ingebrietsen, Ch. et.al., 2006:17). Де-факто, зерттеулердің басым бөлігі шағын мемлекеттердің «шағындылығы» мен «шектеулілігін» ескере отырып, ұлы державалардан өзара тәуелділіктен арылу және оны еңсере алу жолдары мен стратегиялық қадамдарын (автаркияға негізделген «жабық жүйе», әлемдік үдерістерден оқшаулану т.б.) қарастыруға тырысты (Mathisen, T., 1971; Handel, M., 1981; Vogel, H., 1983; Lindell, U. & Persson, S., 1986;). Зерттеулер қорытындысына сүйенсек, шағын мемлекеттердің сыртқы саясаты өз ресурстарды үнемдей білуге, халықаралық ұйымдарға мүше болу арқылы өз беделін артты-

руға болатын таңдамалы сыртқы саясат жүргізуі керек. Сонымен қатар, белгілі бір экономикалық өнімдерге мамандану және сауда серіктестерін әртараптандыру арқылы жоғары сыртқы тәуелділікті болдырмау және бейтараптықты сақтау немесе халықаралық және аймақтық интеграциялық жобаларға қатысу әрекеттері де шағын мемлекеттердің сыртқы саясаты үшін тиімді стратегия болып табылады (Vital, D., 1971; Schou, A. & Brundtland, A.O. eds., 1971; Azar, E.E., 1973; Höll, O., ed. 1983; Harden, Sh., ed., 1985).

1990-2000 жылдар аралығындағы әлемдік саяси үрдістердегі радикалды өзгерістер (КСРО-ның ыдырауы, Қырғи-қабақ соғысының аяқталуы, Югославияның ыдырауы т.б. әлемдік саяси картада жаңа шағын мемлекеттердің пайда болуына алып келді) шағын мемлекеттерді зерттеуде жаңа тәсілдер мен тұжырымдық бағыттарды қалыптастырды. Осы кезеңде әлеуметтік ғылымдардағы әлеуметтік конструктивизм (social constructivism) концептуалды-философиялық тәсілдің үстемдік етуі мемлекеттердің табиғатын зерттеулерге тың идеяларды берді. Жаһандану және аймақтану (regionalization), ұлтаралық қақтығыстар, бірегейлік саясаты, бітімгерлік және халықаралық нормаларды қалыптастырудағы негізгі инициативалар сияқты тақырыптар шағын мемлекеттердің халықаралық және ішкі әлеуетін тексеруге мүмкіндік беретін негізгі өзекті зерттеу мәселелеріне айналды (Kindley, R.W., Good, F. D., eds., 1997; Armstrong, H.W., Read, R., 1998; Moses, J.W., 2000; Salvatore, D., Svetlicic, M., Damijan, J.P., eds., 2001).

XXI ғасырдағы зерттеулер шағын мемлекеттің әлеуметтік, институционалдық, экономикалық инновация салаларындағы әлеуетімен бір қатарда, ақпараттық технологиялар, «жұмсақ күш (soft power)» шеңберіндегі жетістіктердің халықаралық саяси үдерістерге әсеріне бағытталды (Ingebritsen, Ch., 2002; Knudsen, O.F., 2002; Katzenstein, P. J., 2003; Wivel, A., Oest, K.J.N., 2010; Ornston, D., 2012; Carvalho, B., Neumann, I.B., 2014; Archer, C., Bailes, A.J.K., Wivel, A., 2014;).

Халықаралық және аймақтық қатынастар, саяси ғылымдарды зерттеушілер тарапынан осыған дейінгі жүзеге асырылған зерттеу жұмыстарының тақырыптық базасы, зерттеу саласы әр кезеңдегі үстем еткен жағдаяттық саяси парадигмалардың (ұлы державалар үстемділігі, биполярлық жүйе, деколонизация, бір полярлық жүйе т.б., жаһандану мен ақпараттық технологиялар заманы т.б.) ауысып отыруына қарай басқыштық даму кезеңінен өтті. Дегенмен, шағын

мемлекеттерді зерттеу дербес ғылыми зерттеу саласы ретінде әлі толығымен қалыптаса қоймағандығын аңғаруға болады. Бұл бағыттың қазіргі таңда жеке ғылыми бағыт ретінде қалыптасу әлеуеті бар және ғалымдар тарапынан үлкен қызығушылық танытуда.

2) Қырғызстанның сыртқы саясаты туралы зерттеулердің негізгі бағыты

Бұл зерттеуде кэйс-стади ретінде Қырғызстанның сыртқы саясаты реализм шеңберінде қарастырылады. Қырғызстанның сыртқы саясаты туралы зерттеулер қырғыз авторлары, Орталық Азия елдерінің, алыс шетелдік зерттеушілер тарапынан жүзеге асырылды. Осыған дейінгі жүзеге асырылған зерттеулерді тақырыптық-мазмұндық және бағыты бойынша келесі топқа бөліп қарастыруға болады.

Алдымен, Қырғызстанның сыртқы саясатының басым бағыттары және жаңа тенденциялары У.Ж. Мамытов, Б.К. Пазиров пен Ж.Ж. Жоробеков, Н.М. Наматбекова, У.Ж. Мамытов, М. Суюнбаев, Ж.Р. Балтабаев, Ч. Кайназарованың еңбектерінде қарастырылды. Авторлардың қорытындылауынша, Қырғызстанның сыртқы саясатындағы заманауи үрдістер дүниені көпполярлы түсінуге негізделген. Осы орайда, Бішкектің көп векторлы сыртқы саясатының негізгі нысандары серіктес мемлекеттер Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, АҚШ, Қазақстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түркия және Германиямен қарым-қатынасына бағытталғанын байқауға болады. Бұл қадамдар мемлекеттің географиялық орналасуы, пайдалы қазбалардың болуы, демографиялық құрамы, экономикалық даму деңгейі сияқты ішкі саяси, әлеуметтік, экономикалық, географиялық индикаторлардың әлеуетімен тығыз байланысты (Мамытов, У.Ж., 2008; Наматбекова, Н.М., 2018а; Пазиров, Б.К., Жоробеков, Ж.Ж., 2019).

Келесі топтағы зерттеулер Қырғызстанның жақын және алыс шетелдегі жекелеген мемлекеттермен екі жақты (bilateral) қарым-қатынастардың ерекшеліктерін көрсетуге бағытталды. С. Хорак, А.А. Ормонова, С.М. Осмонов, Қырғызстан мен Ресей Федерациясының ТМД, ҰҚШҰ, Кедендік Одақ шеңберіндегі екі жақты ынтымақтастықтың даму эволюциясын қарастырды. Автордың пікірінше, Қант қаласындағы Ресей Федерациясы мен АҚШ әскери базаларының болғандығы Қырғызстанның аймақтық контекстінде Ресей Федерациясы үшін стратегиялық маңызы бар мемлекет екендігін көрсетеді. (Хорак, С., 2007; Ормонова А.А., 2014; Осмонов С.М., 2022). Г.А. Конгайтиева Қырғызстан

мен ҚХР арасындағы өзара серіктестікті тарихи тұрғыдан қарастыра келе, ҚХР Қырғызстанның пайдалы қазбаларды өңдеу және экспортқа шығару және транспорттық-логистика саласында маңызды серіктес екендігін атап өтеді. (Конгайтиева, Г.А., 2016). Сондай-ақ, М.С. Иманалиев пен А.Э. Джоробекова Қырғызстан мен ҚХР қарым-қатынасының концептуалдық негіздерін қарастырды. Авторлардың пікірінше, Қырғызстан Қытайдың сыртқы саяси концепциясының фундаменти болып табылатын – бейбітшілік, даму, ынтымақтастық және өзара тиімділік идеяларымен сәйкес келеді. Бұл ҚХР-ның «Жібек жолы» экономикалық мегажобасының құрылысы мен жүзеге асырылуына Қырғызстанның белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Қырғызстан ҚХР-ның аймақтық және жаһандық саясатында біріншіден, саяси әріптес бола алады. Осыған сәйкес, Бішкек Пекинның Тайвань, Тибет автономиялық ауданы, Синьцзянь-Ұйғыр Автономиялық ауданына қатысты саясатын қолдайды. Себебі, сепаратизм қаупі Қырғызстанның өзінде де бар. Екіншіден, Қырғызстан ҚХР-ның экономикалық әріптесі ретінде өзін көрсетеді. Зерттеушілердің пікірінше, Қырғызстан өндірістік әлеуеті бойынша Қытаймен бәсекелес бола алмайды. Дегенмен, ауылшаруашылық өнімдерінің кейбірі мен транспорттық-логистикалық әлеуеті арқылы өзара қарым-қатынасты дамыта алады. Сондықтан, бұл мәселе екі бағытта өз жалғасын таба алады. Біріншіден, көпжақтылық – Қырғызстан мүше болып табылатын Еуразиялық Экономикалық Одақ пен «Бір белдеу – Бір жол» мегажобасының өзара үйлесімділігін пайдалану болса, екіншіден, жекелеген мәселелер бойынша әріптестік пен тең құқылық дағдыларына сүйену керек. Қырғызстан ҚХР-ның «үш зұлымдыққа» – терроризм, экстремизм және сепаратизмге қарсы күрестегі әріптесі. Пекин Қырғызстан аумағында немесе шекаралық аумақтарда заңсыз сауда(контрабанда), радикалды исламизм, ұйғыр сепаратистеріні т.б. қылмыстық топтардың пайда болуы мен әрекет етуінің алдын алуға мүдделі (Иманалиев М.С., Джоробекова А.Э., 2018). Ал, Е.Г. Гарбузарова соңғы жылдары Қырғызстанның ҚХР-мен қарым-қатынасында Бішкектің Пекинге экономикалық тәуелділігінің көрсеткіші артқандығын мәлімдейді (Гарбузарова Е.Г., 2018).

Қырғызстан мен АҚШ арасындағы қарым-қатынас мәселесі де ғалымдар назарынан тыс қалған жоқ. М.А. Закировтың пікірінше, Қырғызстан мен АҚШ қарым-қатынастарын 3 кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезеңде

(1991-1995 жж.) АҚШ-тың Орталық Азияға қатысты сыртқы саяси бағдарламасын қалыптастыру кезеңін қамтиды. Бұл кезең Вашингтонның Қырғызстанмен қатар Орталық Азия аймағының ішкі істеріне шектеулі түрде «араласу» кезеңі болып табылады. Екінші кезең (1996-1999 жж.) АҚШ-тың аймаққа, соның ішінде Қырғызстанға ықпалы арта бастаған кезең болып табылады. Бұл аралық АҚШ ықпалындағы Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ) мен Солтүстік атлантикалық келісім ұйымының (НАТО) саяси, экономикалық әріптестікті белсенді алға тартуымен ерекшеленеді. Үшінші кезең (2000-2014) АҚШ-тың аймақта мейілінше күшейген кезеңі. 2001 жылдың қараша және желтоқсан айларында Қырғызстан мен Өзбекстан аумағында американдық әскери базалар құрылды. 2014 жылғы американдық әскерилердің Қырғызстаннан шығарылуы, автордың ойынша, Бішкектің сыртқы саясаттағы бағыты Вашингтоннан Мәскеуге бұрылғандығымен тікелей байланысты. А.Б. Бейшеналиев пен Н.М. Наматбекованың пікірінше, қырғыз-американдық қарым-қатынастар көп жақты және көп салалы күрделі ынтымақтастықты қамтығанымен, негізінен декларативті-бағдарламалық және идеологиялық бағытта дамуда (Бейшеналиев, А.Б., 2018; Наматбекова, Н.М., 2018). А. Темирбекова Н.М. Наматбекованың позициясын қолдай келе, АҚШ-тың Қырғызстандағы демократиялық трансформация үдерістерін, тәуелсіз БАҚ және үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҮ) дамуына және саяси-әлеуметтік қоғамдық өмірдегі ықпалының артуындағы рөлі үлкен екендігін атап өтеді (Темирбекова А., 2019).

Қырғызстан мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастар туралы зерттеулер біршама авторлар тарапынан қарастырылды. М.Т. Лаумулин, Орталық Азия мемлекеттерінің қарым-қатынастарына, жалпы тәуелсіз ел болып қалыптасу кезеңіне өте кең тоқталған. Қырғызстанмен екіжақты қарым-қатынасты Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Астана үшін басты басымдылықтардың бірі. Автордың айтуынша екіжақты қатынастарды қалыпқа келтіру процесі 2017 жылғы президенттік сайлаудан кейін басталды, сол кезде ынтымақтастықтың «Жол картасына» қол қойылды (Лаумулин, М.Т., 2020). Қазақстан мен Қырғызстанның арасындағы 1991-1998 жыл аралығындағы дипломатиялық қарым-қатынасына У.Ж. Мамытов Қырғызстан үшін жаһандану жағдайында одан әрі экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін және Орталық Азия аймағындағы өз позициясын ны-

ғайту үшін сенімді стратегиялық серіктес болғаны жөн деген пікір білдіреді (Мамытов, У.Ж., 2017). С.Б. Макеева, А.Р. Онолбекова Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы экспорттық қарым-қатынастың дамуы және экономикалық қарым-қатынастағы мәселелер туралы жазса, әлеуметтік-саяси өзгерістер кезеңінде Қазақстан мен Қырғызстанның дипломатиялық қатынастарының дамуын зерттеген М.Т. Бостонкулова мен Н.Б. Караева екі елдің арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың 2000 жылдан бастап дамығандығын және 2003 жылы Қырғызстан президентінің Қазақстанға сапары кезінде Одақтас қатынастар туралы келісім шарт және екі ел арасындағы экономикалық интеграция туралы іс-әрекет жоспарына қол қойылғандығын баяндайды. Автор сонымен қатар, екі ел арасында дипломатиялық даулы мәселелердің де барып атап көрсеткен, соның бірі КСРО кезеңінен бастап шаруашылық жүргізуші субъектілерден қалған қарыздар мәселесін қарастырған (Бостонкулова, М.Т. 2015; Макеева, С.Б., Онолбекова, А.Р., 2019; Караева, Н.Б., 2023).

Ф. Самадова мен Г. Чыныкеева Қырғызстан мен Өзбекстанның сыртқы саясатына тоқтала келе, екі мемлекеттің ортақ мүдделер шеңберіндегі саяси, экономикалық, мәдени қарым-қатынастарының негізгі бағыттарын талдайды (Самадова, Ф., Чыныкеева, Г., 2022). Б.У. Адылбекова мен А.Э. Байтиков өз зерттеуінде соңғы екі жылда екі мемлекет арасында әр түрлі салалар мен дипломатиялық деңгейлерді қамтитын 180 ресми құжаттарға қол қойылғандығын, соның ішінде, бүгінгі күнде 137 ресми құжат өз күшін сақтап келетіндігін атап өтеді. (Адылбекова Б.У., Байтиков А.Э., 2023:47). Саны жағынан Қырғызстан территориясындағы ең үлкен азшыл ұлт өкілдері болып табылатын өзбек диаспорасының екі ел арасындағы қарым-қатынастарындағы құрал болуы мәселесін А.А. Арзыматова, Д.А. Атыканова көтереді. Авторлардың еңбегі 1990-2010 жылдар аралығындағы Қырғызстандағы өзбектер мен қырғыздардың ұлтаралық жанжалына Бішкек пен Ташкенттің реакциясын талдайды. И. Каримовтың 2010 жылғы Ош қаласындағы ұлтаралық қақтығыстарда бейтараптылықты ұстануы жанжалдың аймақтануына жол бермеді. Сонысымен, Ташкент билігі «ұлт факторы» негізіндегі екі мемлекет арасындағы перспективалы шиеленісті жағдайдың алдын алды (Арзыматова А.А., Атыканова Д.А., 2022).

Келесі топтағы зерттеулер Қырғызстанның аймақтық және халықаралық интеграциялық институттармен қарым-қатынастары туралы

тақырып аясында жүзеге асырылды. Бұл зерттеулер ТМД, ҰҚШҰ, ШЫҰ және ЕЭО тағы да басқа ұйымдардағы рөлі шеңберінде өрбіді. Зерттеушілер назар аударған мәселелі зерттеу аясы Қырғызстанның өз мүддесін сақтау, алға тарту арқылы ішкі және сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ішкі экономикалық құрылымдарды реформалау арқылы аймақтық және халықаралық нарыққа жол ашу, ішкі тұрақтылықты қамтамасыз ету арқылы елдің экономикасына шетелдік инвестицияны тарту, Орталық Азия және ТМД шеңберіндегі саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени қарым-қатынастарды өзара тиімділік және тереңдетілген байланыс негізінде дамыту т.с.с. көп жақты, көп салалы ынтымақтастықтың дамытудың әлеуетін қамтыды. (Ларюэль, М., 2013; Пазилов Б.К., 2016; Перская, В.В., 2016; Токтобекова, М.А., 2016; Наматбекова, Н.М., 2019; Балтабаев, Ж.Р., 2021а; Балтабаев, Ж.Р., 2021ә;)

Қырғызстанның сыртқы саясатына қатысты қазіргі дейінгі жасалынған зерттеулердің дені негізінен Қырғызстан тәуелсіздік алғаннан кейін дербес мемлекет ретінде әрбір тарихи даму кезеңіндегі аймақтық және халықаралық саяси үдерістердің бағыттарына қарай бейімделініп, әрбір жағдайдағы мемлекеттің реакциясына бағытталынып, жасалынып келінді. Дегенмен де, мемлекеттің халықаралық және аймақтық қатынастардағы актор ретіндегі әрекетінің болмысын және табиғатын халықаралық қатынастарда қалыптасқан тұжырымдар негізінде концептуалдық-тұжырымдық тұрғыдан қарастыратын зерттеу еңбектердің қырғыз академиялық қоғамында да, посткеңестік академиялық ортада да жетіспейтіндігі байқалады. Сондықтан бұл зерттеу жұмысы Қырғызстанның сыртқы саясаты шеңберінде мемлекетті «шағын мемлекет» концепциялық категория контекстінде және халықаралық қатынастар саласында қалыптасқан реализм концептуалдық тұжырым негізінде сыртқы саясатының артықшылықтары мен шектеуліктерін сипаттауға бағытталатындығымен өзге зерттеулерден ерекшеленеді.

2. «Шағын мемлекет (small state)» концепциясының тұжырымдық сипаты

Қазіргі таңда халықаралық қатынастар және саяси ғылымдар «шағын мемлекеттің» ұғымын толық түсіндіре алатын бірыңғай концептуалдық тұжырым жоқтың қасы. Басқаша айтқанда, ғалымдар әлі күнге дейін «шағын мемлекет» ұғымының нақты анықтамасы төңірегінде ортақ ғылыми консенсус таба алмай отыр (Baldacchino,

G. & Wivel, A., 2020:3). Ғалымдар тарапынан жасалынған әрбір концептуалдық анықтамалардың мазмұны өзара қарама-қайшылығы басым болып отыр (Olafsson, B.G., 1998:3; Larsen, H., 2005:56). Концептуалдық анықтама төңірегіндегі қарама-қайшылық неден туындады? Оның жауабы ғылыми-тұжырымдық талдаулар әрқашан «сараптау бірлігін» (unit of analysis) талап ететіндігінде. О.Ф. Кнудсен айтпақшы «шағын мемлекет» туралы концептуалдық дискурс қайткенде де «мемлекет» ұғымының концепциясы төңірегінде өрбиді (Knudsen, O.F. (2002:184). Халықаралық қатынастардың либерализм дискурсы халықаралық акторлардың көптараттылығын қаншалықты алға тартқанымен, қазіргі таңдағы әлемдік саяси үдерістердің негізгі акторы бәрібір мемлекет болып қалуда. Сондықтан халықаралық қатынастардағы «шағын мемлекет» ұғымы «мемлекет» ұғымының концептуалды анықтамасына негізделеді.

«Шағын мемлекет» ұғымы жайлы қалыптасқан тұжырымдық негіздер екі тәсілге бөліп қарастыруға болады. Бірінші концептуалдық тәсіл шағын мемлекетті сандық ерекшеліктеріне (quantitative significances) сүйене отырып сипаттайды. Бұл тәсіл «абсолютті өлшем термині» деп те аталады (Jesse, N.G., Dreyer, J.R., 2016:6). Тұжырымға сәйкес, шағын мемлекет – бұл шағын территориясы, халқы, экономикалық әлеуеті, әскери күші бар саяси субъект. Концепцияның негізгі идеясы көрсетілген көрсеткіш өлшемдері шағын көлемдегі мүмкіндіктерге ие болуы қажет. Мұнда көрсетілген «шағын көлемді көрсеткіштерге» қатысты зерттеушілер мен халықаралық ұйымдардың критерийлері де статистикалық өлшемдері әр түрлі. Кейбір ғалымдар шағын мемлекеттің халқының саны 500 мыңдай болуы керек десе (Fazal, T., 2007:17), келесі зерттеушілер 1 миллионнан аспауы керектігін меңзейді (Clarke, C., Payne, T., 1987). Д. Корбетт пен В. Венендальдың пікірінше, мемлекетті шағын мемлекеттің санатына жатқызу үшін халқының саны 5 миллионнан аспауы керек (Corbett, J., Veenendaal, W., 2019:7). Ал, Р. Пэйске сүйенсек, мемлекеттің халқының саны 10 миллионнан аспаса, онда ол шағын мемлекет (Pace, R., 2000:107-109). Д. Вайтель одан әрі қарай шағын мемлекеттерді дамыған және дамушы мемлекеттер ретінде бөліп, дамыған мемлекеттің халқы – 15-16 миллион, ал дамушы шағын мемлекеттің халқының саны – 25-30 миллиондай болуы керек екендігін атап өтеді (Vital, D., 1967:8). Дүниежүзілік банктің критерий бойынша шағын мемлекеттің халқы 1,5 миллионнан аспайды

(The World Bank Statistic Data, 2000) Алайда, жоғарыда келтірілген сандық критерийлері сайып келгенде логикалық сын көтермейді. Дүниежүзілік банктің критерий бойынша шартты түрде халқының саны шамамен 1,8 миллион болатын Косовоны шағын мемлекеттің санатынан шығарып тастауға тура келеді. Бұл ұстанымдар ойталқыға толы.

Демек, шағын мемлекетті анықтау үшін бір ғана сандық көрсеткіштер аздық етеді. Сол үшін ғалымдар шағын мемлекетті анықтау үшін қатыстық көрсеткіштерді (relative measurements) ұсынады. Бұл шағын мемлекеттердің «шағындығы» мен оның сыртқы саясатын түсіну үшін оның ұлы державалармен салыстырғандағы күшіне қарай жіктеуді қарастырады. Д. Марес К. Уолцтың құрылымдық реализм (structural realism) концепциясына сүйене отырып, мемлекеттердің өзара қарым-қатынасы мен олардың арасындағы ресурстардың теңсіз түрде бөліне- тіндігінен қарай шағын мемлекеттің деңгейін іздейді (Mares, D. R., 1988). Автор мемлекеттерді иерархиялық құрылымына қарай – ұлы державалар, екінші деңгейлі державалар, орта державалар және шағын мемлекеттерге бөледі. Марестің иерархиялық құрылымын Р. Ротштейн логикалық тұрғыдан түсіндіруге ұмтылады. Оның пайымдауынша, шағын мемлекеттер алып державалармен қарым-қатынастарда әлсіздік танытуында емес, керісінше, өзара қарым-қатынаста өз «дәрменсіздік жағдайы өзгермейтіндігін» фундаменталды негіз ретінде қабылдауымен анықталады. Автордың пікірінше, шағын мемлекеттер халықаралық анархиялық жағдайда өздігінен қауіпсіздік диллема мәселесін шеше алмайды. Сол себепті, олар өз өміршеңдігін сақтап қалуы үшін сыртқы қауіпсіздік көзіне жүгінуге мәжбүр. Бұл шағын мемлекеттердің өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін одақтасу немес ұжымдасуға ұмтылатындығын білдіреді (Rothstein, R., 1968:29).

Р. Кеохейн, Р. Ротштейннің идеясын ары қарай жалғастыра отырып, халықаралық қатынастардағы мемлекеттерді 4 санатқа жіктейді. Оған сәйкес, мемлекеттер жүйені қалыптастырушы (system-determining), жүйеге ықпал етуші (system-influencing), жүйеге қатысы бар (system-affecting), жүйеге ықпал етпейтін (system-ineffectual) болып бөлінеді. Бұл жерде *жүйені қалыптастырушы мемлекеттер* ретінде халықаралық тәртіп пен әлемдік жүйені қалыптастырушы супер державалар қарастырылады. *Жүйеге ықпал етуші мемлекеттер* – халықаралық қатынастарда супер державалар сияқты дербес

үстемдік етуге ұмтылмайтын, бірақ өзінің бір немесе көп жақты әрекетімен халықаралық тәртіп пен жүйенің құрылымын жасауға ықпал ететін мемлекеттер болып табылады. *Жүйеге қатысы бар мемлекеттер* халықаралық тәртіп пен жүйеге салмақты әсер етуге ұмтылмай, жеке-кей немесе одақтасу арқылы аймақтық және жаһандық ұйымдар шеңберінде өз мүддесін қорғай және алға тарта алатын мемлекеттер. *Жүйеге ықпал етпейтін мемлекеттер* – әлемдік, халықаралық, аймақтық үдерістерге белсенді қатыспай, ықпал да етпей, көп жағдайда супер және ұлы державалардың ықпалында болатын мемлекеттер жатады (Keohane, R. O., 1969:295). Р. Кеохейнның санаты Р. Ротштейн сияқты мемлекеттердің абстрактілік көлеміне қарай атау алмай, керісінше, мемлекеттердің халықаралық үдерістердегі тәртіп пен жүйені қалыптастыратын сыртқы саясатына қарай негізделеді.

Т. Матисен де мемлекеттердің 4 санат шеңберінде қарастырады. Автордың идеясы Р. Марестің идеясымен ұқсас – супердержавалар, бұрынғы ұлы державалар (мысалы: Ұлыбритания), жаңа орта державалар (мысалы: Бразилия, Түркия) және шағын мемлекеттер халықаралық қатынастардағы мемлекеттер тобын құрайды. Автордың пайымдауынша, шағын мемлекеттер халықаралық үдерістерде өздігінен өмір сүре алмайды және олардың мәртебесі, егемендігі, территориялық біртұтастығы супер және ұлы державалардың ықпалымен айқындалады (Mathisen, T., 1971). Ал, К. Мюллер мемлекеттердің сипаты мен санаты аймақтық контекстінде айқындалатындығын атап өтеді. Р. Марес ұсынған мемлекеттердің санатынан К. Мюллер ұсынған санаттың айырмашылығы «екінші деңгейлі державалар» «ұлы державалармен» алмастырылады (Mueller, K., 1991:66).

Г. Балдаччино мен А. Уайвел басқа зерттеушілер сияқты мемлекеттің халқының санына (абсолюттік өлшем) және халықаралық жүйедегі ықпалына (қатыстық өлшем) жеке бөліп қарастырмайды. Керісінше, мемлекеттің абстрактілік концепциясына негізделі оның көлемін айқындауға тырысады. Г. Балдаччино мен А. Уайвелге сүйенсек, мемлекеттің сипаты 3 идеалдық санатқа бөлінеді. Біріншіден, шағын мемлекеттің «ұлы держава (супер держава) еместігі (non-great powers)». Бұл ең жеңіл әдіс болып табылады. Тарихи мысал ретінде авторлар «Еуропалық концерт (1815-1914)» кезеңіндегі Австрия, Пруссия, Ресей, Ұлыбритания және Франциядан басқа Еуропа құрлығындағы мемлекеттердің бәрі саяси шағын мемлекет ретінде қарастырылды

(Baldacchino, G., Wivel, A., 2020:5). Аталған ұлы державалар құрлықтағы қауіпсіздік, тұрақтылықты қамтамасыз етуге және халықаралық құқықты қалыптастыру жауапкершілігін мойнына алса, шағын мемлекеттер жүйелік жауапкершіліктен босатылып, құрылған құқықтық нормаларды орындаушы жауапкершілігін өз мойнына алды. Нәтижесінде, шағын мемлекеттер ұлы державалардың өзара қарым-қатынастарынан зардап шеккенін білеміз (Neumann, I. B., Gstöhl, S., 2006:5-6).

Екінші идеалдық санат – шағын мемлекеттің материалдық (ресурстық) көрсеткіші (material assessments). Бұл санат шағын мемлекеттің абсолюттік және қатыстық өлшеміне негізделеді. Осыған орай, шағын мемлекеттің материалдық ресурстарының мүмкіндігі оның күштік әлеуетін көрсетеді. Материалдық ресурстық көрсеткіштері мемлекеттің территориясына, халық санына, экономикалық ресурстарын т.б. көрсетеді. Материалдық ресурстық әлеуеті шағын мемлекеттердің халықаралық қатынастарда, супер және ұлы державалармен қарым-қатынастарда негізгі рөл ойнайды. Үшінші санат шағын мемлекетті саяси құрылыс (political construct) ретінде қарастырады. Бұл идея халықаралық қатынастардағы конструктивизм тұжырымынан шығады. Шағын мемлекет мемлекетке тиісті адамдар мен институттардың, сонымен қатар, өзге мемлекеттердің шағын мемлекетке қатысты танымдық (когнитивтік) және қалаулықтың (бірегейлік) негізінде құрылады (Baldacchino, G., Wivel, A., 2020:5-6). Сонысымен, бұл санат жоғарыдағы екі санаттан ерекшелінеді.

Қорытсақ, шағын мемлекеттің сипатын анықтауға қатысты концептуалдық тұжырымдық негіздердің сан алуандығы белгілі болды. Мазмұндық жағынан әр тұжырымдар мен тәсілдердің өз дәйектері бар. Шағын мемлекет сипатының абсолюттік және қатыстық өлшемі, танымдық өлшемдерінің түсіндірілімділік тұрғыдан өзара қарама-қайшы тұстары болғанымен, бұл зерттеу авторлары керісінше, өзара толықтыру тұстары көбірек деп түйіндейді.

3. Шағын мемлекет сыртқы саясатының реализмдік концепциясы

Халықаралық қатынастардағы мемлекеттердің әрекеті мен болмысын сипаттайтын тұжырымдық концепциялар көп-ақ. Соның ішінде, реализм бағыты халықаралық қатынастардағы мемлекеттің рөлін сипаттауға бағытталған, кең таралған тұжырымдардың бірі болып табылады. Халықаралық қатынастардағы реализм тұжыры-

мы өз бастауын Томас Гоббстың «адам өмір сүретін қоғамдағы жағдай – табиғи жағдай, ал табиғи жағдай әрқашан соғыс жағдайы (мүдделер қақтығысы және мүддені қорғауда, іске асыру күзіндетті жағдай). Әр адам анархиялық жағдайда өзін ғана ойлау арқылы өмір сүре алады», – дейтін қағидатқа негізделеді. Егер әр адамның индивидтік деңгейін мемлекеттік деңгейде аналогиялық тұрғыдан қарастырсақ, мемлекеттер де өз-өзінің ғана мүддесін ойлайтын анархиялық жағдайда өмір сүреді. Осыған байланысты мемлекеттің реалистік тұрғыдағы халықаралық қатынастардағы әрекеті үш негізгі қағидатқа жіктеледі. Біріншіден, мемлекет – халықаралық қатынастардағы ең негізгі актор. Екіншіден, мемлекеттің халықаралық қатынастардағы әрекеті – анархиялық ортада өз өмірін сақтап қалуға бағытталады. Үшіншіден, халықаралық қатынастарда мемлекет тек өз мүддесін ойлау және өз-өзіне ғана көмек беру жүйесіне негізделуі керек. Осы логикалық қағидаттар негізінде мемлекет халықаралық қатынастарда өзінің күші мен мүмкіндігін арттыру арқылы өз қауіпсіздігін, өміршеңдігін сақтап қала алады. Ал қауіпсіздік мәселесі мемлекеттің ішкі және халықаралық мүдделерін алға тартудың басты шарты. Қауіпсіздікті күшейтуге ұмтылу мемлекеттің билігі мен әлеуетін арттырады. Алайда бір мемлекеттің өз күшін арттыруы екінші мемлекеттің қауіпсіздігін әлсіретуге алып келуі мүмкін. Бұл жағдай халықаралық қатынастарда қауіпсіздік дилемасы деп аталады. Бір уақыттағы мемлекеттің шектен тыс қауіпсіздікті арттыруға әрекет етуі керісінше, халықаралық жүйедегі потенциалды қақтығысқа алып келуі және халықаралық жүйедені қауіпсіздікті төмендетуі мүмкін.

Шағын мемлекеттер үшін қауіпсіздік дилемасы өзекті мәселе болуы мүмкін. Басқаша айтқанда, шағын мемлекеттер өздерінің ішкі ресурстарының шектеулігіне байланысты ұлы державалар сияқты күшке ие бола алмайды. Бұл жағдайда шағын мемлекеттер ұлы державалармен ортақ мүдде негізінде (қауіпсіздік) бірігуге немесе күштер теңгерімін сақтауға ұмтылуы қажет.

Қауіпсіздіктің бұл дилеммасы реалистік ойшылдарды шағын мемлекеттер халықаралық жүйеде ұлы державалармен тепе-теңдікті сақтауы керек деген қорытындыға әкеледі. Егер реалистік ой бізге халықаралық құрылым сыртқы саяси сипаттың негізгі факторы екенін көрсетсе, осы орайда «халықаралық құрылым» ұғымын анықтамасын айқындап алу керек. А. Бейкер Фокс шағын мемлекеттердің халықаралық жағдайы

немесе мәртебелік әлеуеттік тарихи тұрғыдан ұлы державалардың талаптарына (demands) қарсы тұру позициясымен айқындалатынын атап өтеді. Зерттеушінің пікірінше, шағын мемлекеттердің ұлы державалармен қарым-қатынасында өз мүддесін қорғап қалуы және табысты жүзеге асыруы халықаралық құрылымға байланысты (Baker Fox, A., 1959:3). Басқаша сөзбен айтқанда, бәсекелес ұлы державалардың саны, мүдделер көлемі мен географиялық орналасу аумақ – шағын мемлекеттердің сәтті/сәтсіз халықаралық саясатты жүргізуге тікелей ықпал етеді. Осы аталған факторлар халықаралық құрылыммен үндеседі. Халықаралық құрылым халықаралық қатынастардағы реалистік концепциялардың өзекті зерттеу нысаны болып табылады.

Реализм контекстіндегі «халықаралық құрылым» ұғымы – үш негізгі концептуалдық базистен тұрады. Ол – халықаралық жүйенің полярлығы, жаһандық және/немесе аймақтық гегемонияның болуы және мемлекеттің геостратегиялық орналасу жағдайы. Мысалы, Т. Фазальдың пікірінше, шағын буфер мемлекеттер (buffer states) өзінің географиялық орналасуына байланысты сыртқы саясатта ұлы державалардың ықпалына түсуге бейім (Fazal, T., 2007). Түйіндей келгенде, шағын мемлекеттердің халықаралық және аймақтық қатынастардағы сыртқы саясатының сипаты оның географиялық орналасу кеңістігіне, олардың өз мүдделерін жүзеге асыруға қажетті ресурстық әлеуеті мен мүмкіндіктерінің көлеміне және осы аталған екі фактор негізіндегі олардың өзіндік сыртқы саясатын жүргізу мүмкіншіліктеріне байланысты анықталады.

Демек, «шағындылық» сыртқы саясатқа қалай әсер ететіндігіне бағытталу зерттеушілердің назарын аударатын мәселе болып табылады. Ротштейннің пікірінше, шағын мемлекеттер әрекеті мәселелерін түсіну – олардың әлсіз мәртебесіне назар аударудан маңыздырақ болуы тиіс.

Осыған орай, М. Ист (M.A. East) пен Дж. Хэй (J.A.K. Hay) өз еңбектерінде реалистік тұрғыдан шағын мемлекеттердің сыртқы саясаты сипаты мен әлемдік үдерістердегі әлеуетін сипаттайтын нақты критерийлердің бар екендігін атап өтеді. Алдымен, шағын мемлекеттер жаһандық, халықаралық, аймақтық үрдістерге өздігінен *төменгі деңгейлі қатысуымен (low level of participation in world affairs)*, басқаша айтқанда, пассивтілік танытуымен ерекшеленеді. Екіншіден, шағын мемлекет сыртқы саясаты бойынша *көтеремін мәселелер кең ауқымда болмайды (narrow scope of foreign policy issues)*. Бұл, шағын мемлекет инициативалары әлемдік қауымдастық тарапы-

нан, соның ішінде, алпауыт державалар тарапынан аз ескерілетіндігін білдіреді. Үшіншіден, шағын мемлекеттің сыртқы саясаты мемлекеттің *географиялық орналасуы мен аймақтық ерекшелігіне (limitation of foreign policy action to immediate geographical surroundings or region)* байланысты құрылады. Демек, аймақтағы геосаяси үрдістер мен жағдай шағын мемлекеттің сыртқы саясатының басым бағыттарын айқындайды. Төртіншіден, шағын мемлекет өз мүдделерін қорғауда халықаралық құқықтың либералдық принциптерін, нормаларды алға тартуға (*emphasizing liberal principles of international law and norms*) сүйенеді. Мемлекет сыртқы мәселелерді белгілі халықаралық құқықтық нормалар мен тәртіптер шеңберінде шешуге ұмтылады, себебі, өздігінен шешуге өз әлеуеті жетпейді. Бесіншіден, шағын мемлекет өз қауіпсіздігі мен өміршеңдігін, жауапкершілігін халықаралық ұйымдар мен құрылымдарға мүше болу (*participation in multinational efforts, particularly intergovernmental organizations*) арқылы сақтап қалуға тырысады. Белгілі бір мақсаттарға сәйкес құрылған аймақтық немесе халықаралық бірлестіктер, одақтық, интеграциялық ұйымдар шеңберіндегі шарттық нормалар шағын мемлекеттің анархиялық жағдайдағы халықаралық қатынастарда өз егемендігін сақтап қалуға мүмкіндік беретін бірден-бір ресурстар болып табылады. Сонымен қатар, Ист пен Хэй ұсынатын соңғы критерий – шағын мемлекеттің халықаралық үрдістерде бейтараптылыққа ұмтылуын (*avoiding the direct confrontation with large powers, often choosing a foreign policy of neutrality*) білдіреді. Авторлардың пікірінше, шағын мемлекеттер алпауыт мемлекеттердің өзара қарым-қатынасынан, мүдделік қақтығыстарынан туындайтын мәселелерге белсенді араласудан бас тартады. Себебі, алпауыт державалармен текетіреске түсу – шағын мемлекет үшін ең үлкен қауіп (East, M.A., 1973; Ней, J.A.K., 2003).

Осылайша, бұл зерттеу Қырғызстанның шағын мемлекет ретіндегі сыртқы саясатының сипатын жоғарыда айтылған 6 түрлі реалистік концептуалдық критерийлермен түсіндіруге тырысады. Ол – Қырғызстанның әлемдік үрдістерге пассивті (төмен деңгейде) қатысуы – *пассивті қатысу*, Қырғызстан алға тартатын мәселелердің кең көлемде ескерілмеуі – *пассивті инициативалар*, географиялық орналасуындағы pro/cons факторлары – *географиялық орналасуы*, мемлекеттің халықаралық құқық және нормаларды алға тарту себептері – *халықаралық құқықтық-нормаларға сүйену*, мемлекеттің

халықаралық ұйымдар мен бірлестіктерге мүше болуға ұмтылуы – *халықаралық ұйымдарға мүше болу басымдылығы*, халықаралық мүддерлер қақтығысындағы бейтараптылыққа ұмтылуы – *бейтараптылық позицияға ұмтылу*.

Реализм шеңберіндегі Қырғызстанның сыртқы саясатының сипаты

1. Пассивті қатысу

Қырғызстанның тәуелсіз, егеменді мемлекет болғанына 30 жылдан асты. Осы қысқа уақыта аралығында Қырғызстан 2-рет күш қолданылған мемлекеттік төңкерісті, 2-рет ұлтаралық қақтығысты, бір тұрақсыз қауіпсіздік саяси әрекетті басынан өткізді. Қазіргі таңда, 6-шы Президент мемлекет басқаруда. Бұл Орталық Азия аумағында қайталануы екі талай құбылыстар. Осындай көп қырлы саяси-әлеуметтік қарқынды өзгерістерді қысқа мерзімде басынан өткізгеніне қарамастан Қырғызстан Тәжікстан сияқты ішкі азаматтық соғыстан, Өзбекстан немесе Түркіменстан сияқты қатыстық тұрғыдан ұзақ мерзімді квази-автархиялық жүйеге түсе қойған жоқ.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін тәуелсіздік пен егемендік Қырғызстанда жарқын болашақтың нышаны ретінде қабылданды. Ал, бұл орайда сыртқы саясат осы жарқын болашаққа жеткізетін саяси құрал іспеттес болды. Коммунистік жүйеден демократиялық жүйеге ауысу – халықаралық қауымдастықтың көмегін талап етті. Жанадан сайланған жас Президент А. Ақаев батыс әлемі тарапынан либералды-реформаторлы демократияшыл саяси тұлға ретінде «жылы» қабылданды. Қырғызстан Орталық Азияда алғашқылардан болып батыстық үлгідегі азаматтық кодекс пен қаржылық-банк жүйесін қабылдаған, либералды нарықтық экономикаға бет бұрған, мемлекеттік ірі кешенді өндіріс орындары мен жерді иемдену құқығын жекешелендірген мемлекет болды.

Қырғызстан 1992 жылдың соңына қарай әлемнің 59 мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынастарды орнатып үлгерді. А. Ақаев билігі мемлекеттің дамыту моделін қалыптастыру мақсатында Малайзия, Жапония, Швейцария даму үлгілерін таңдап, Қырғызстанның сол кезеңдегі жағдайына бейімдеуге ұмтылды. Алайда, Орталық Азия мемлекеттері үшін өз ұлттық мүдделерін қалыптастыруда 3 үлкен халықаралық саяси күштер – Ресей, Қытай және АҚШ бастаған батыстық державалармен санасу қажеттілігі әу бастан белгілі болды.

Кеңес Одағы ыдыраған соң, Ресей Қырғызстан тарапынан кеңестік ортақ тарихи құнды-

лықтар негізінде қарым-қатынастарды нығайтуға міндетті ең маңызды әріптес мемлекет болуы тиіс еді. Оның үстіне, Қырғызстан қоғамында Ресейге қатысты «кеше ғана бір одақ ішінде, бір саяси-әлеуметтік географиялық кеңістікте бірге болған бауырлас мемлекет» имиджі басым болды. Дегенмен, Е. Гайдар үкіметі Орталық Азия мемлекеттерін Ресей үшін «экономикалық артық жүк» ретінде қарастырды. Мәскеу билігінің бұл әрекеті сол кездегі мемлекеттің әлсіздігін, ішкі бөлінген экономикалық тоқырау, өз саяси тұрақтылығын қамтамасыз етуге арналған прагматикалық және рационалды әрекеттер ретінде бағаланды. Тіпті, 1992 жылдары Ұжымдасқан қауіпсіздік шарты мен оған негізделген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) ұйымы шеңберіндегі Ресейдің аймақтық гегемон ретіндегі мәртебесі мен амбициясы «міндеттемесіз» болды.

Алайда, 90-жылдардағы Орталық Азия мемлекеттердегі ислам экстремизмінің белең алуы, Тәжікстандағы азамат соғысы, 1999 жылдардағы жекелеген ислам экстремист топтарының Өзбекстан және Қырғызстан аумағындағы әрекеттері Ресейдің Орталық Азияға қатысты стратегиясын қайта қарауға мәжбүр етті. 2001 жылғы 11 қыркүйектегі жағдайдан кейін аймақта АҚШ-тың ықпалы күшейді. Ресей АҚШ-тың терроризммен күресін қолдап, Орталық Азия мемлекеттеріндегі әскери базаларды орналастыруына қарсы болмағанымен, 2000 жылдардың ортасынан бастап пост-кеңестік кеңістігіндегі авторитарлық режимдерге қарсы «қызыл-сары төңкерістердің» кеңінен тарауы ресейлік саяси элиталардың көп ұзамай аймақта ресейге қарсы саяси элиталардың қалыптастуына әкеп соғады деп қауіптенуіне алып келді. Сондықтан Қырғызстандағы төңкеріс кезінде Мәскеу билігі А. Ақаев пен оның отбасына саяси баспана бергеніне қарамастан, Қ. Бақиевтің билікке келуін қолдады. Мәскеу Бішкекке жеңілдетілген шарттармен 189 млн. \$ көлемінде несие беру арқылы жаңадан келген билікті өз тарапына өтуіне жағдай жасады. Осыған байланысты, Қ. Бақиев режимі алғашқы жылдарында Ресей мен Қырғызстанның қарым-қатынасын нығайтуға кеңінен көңіл бөлді. Ресеймен экономикалық бірлесу әрекеттері сәтсіздікке ұшырады. Ресейдің Орталық Азияға қатысты мүддесі екі бағытты көздеді. Біріншіден, Орталық Азия мемлекеттерін ТМД аясында бір кеңістікке біріктіру, екіншіден, өзінен басқа аймақтық немесе әлемдік державалардың Орталық Азияға ықпалының артуына жол бермеу. Қырғызстан мен Ресей ара-

сындағы осы кезеңдегі әскери саладағы ынтымақтастығының жемісі – Қанттағы Ұжымдасқан қауіпсіздік шарты ұйымының (ҰҚШҰ) әскери базасы мен Бішкектегі Үндістанға экспортталатын торпедоларды шығаратын «Дастан» зауыты болды. Энергетикалық ресурстар мен қаржылық-инвестициялық көмекке мұқтаж Қырғызстан Ресей үшін экономикалық тұрғыдан гөрі геосаяси тұрғыдан маңызға ие болды.

Оның үстіне, 1998 жылғы дефолт, 2008 жылғы әлемдік қаржылық дағдарыс Ресейге ауыр соғып, Қырғызстанмен экономикалық байланыс әлсіреді. Ал ТМД шеңберіндегі саяси-әлеуметтік байланыстағы пассивтілік пост-кеңестік мемлекеттер тарапынан «өзара талапсыз ажырасу» платформасы іспеттес қарастырылды. Осыған байланысты ТМД халықаралық ұйым ретінде пост-кеңестік де-факто мемлекеттерді интеграциялаушы, біріктіруші рөлінен айырылды. Бұл динамика басқа да аймақтық бірлесу жобаларында да өз көрінісін тапты. Мысалы, 1994 жылы құрылған Қырғызстан, Қазақстан, Өзбекстан арасындағы Орталық Азия Одағы (ОАО) 1998 жылы Тәжікстанның қосылуымен көптеген амбициялы жобаларымен тартымды көрінді. Ұйым 2001 жылы Орталық Азия мемлекеттері Ынтымақтастығы (ОАМУ) ұйымына айналғанымен ішін ара ауызбіршілік таба алмай, көздеген өз нәтижелерін бере алған жоқ. ТМД аясындағы құрылған Кедендік Одақ кейіннен Еуразиялық Экономикалық Одақтың (ЕЭО) фундаментіне айналды. Ал, ОАМУ өзінің өміршеңдігін жоғалтып, ЕЭО-тың құрамдас бөлігіне айналды. Орталық Азия мемлекеттері басшылары аймақтағы одақшылдық идеяларды әрқайсысы өздігінше қабылдауға тырысты, сәйкесінше, аймақтық деңгейдегі интеграциялық жобаларға қатысты саяси нарративтер де әр түрлі болды. Әр мемлекет, өз мүддесі тұрғыдан онсыз да тұрақсыз ұйымдық бірлестіктердің перспективасына скептикалық қарым-қатынастарда болды. Әрқайсысы өз мүдделерін мемлекет үсті құрылымдардың ортақ идеясына құрбан еткісі келмеді.

Қытаймен өзара ынтымақтастық Қырғызстан үшін Ресейден кейінгі екінші негізгі бағыт болды. Бұл мемлекеттің бірінші кезектегі Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі қалған ішкі өндіріс көздерін одан әрі жандандыруға шамасы келмегендігі, сыртқы инвестицияларға зәрулі болғандығымен түсіндіріледі. ДСҰ-ға мүше болу – Қырғызстанды өндірісті-ауылшаруашылығына негізделген мемлекеттен – Қытай тауарларын аймаққа өткізетін экономикалық транзитті мемлекетке айналдырды. Қытай бірден аймаққа

кірісе қойған жоқ. Пекин билігі ұзақ мерзімге бағытталған өз мүдделерін бірте-бірте, ұқыптылықпен жүзеге асыруға тырысты. Себебі Мәскеу мен Вашингтонды арандатып алудан сақтанды. Оның үстіне Қытайға алдымен Қырғызстанмен мемлекеттік шекараны делимитация және демаркация жасап алуға талпынды. Қырғыз-Қытай шекарасы төңірегіндегі мәселелері сонау Ресей Патшалығы мен Цинь империясы кезінен жалғасып келді. Кеңес Одағы кезінде де бұл мәселелердің біршамасы ғана шешілгенімен, толығымен өз шешімін таппаған. 1999 жылы екі мемлекет шекараны бекітуде шартты келісімге келді. Соның нәтижесінде, Ыстық көл облысындағы таулы аймақтағы 125 мың гектар жер (Узенгу-Кууш) Қытайға берілді. Бұл ақпарат Қырғызстан қоғамында резонанс тудырды. Жергілікті жерлерден, саяси элиталар арасында А. Ақаевқа импичмент жариялауға қатысты жасырын түрде Қытайға жерді сатып жіберді», «сатқындық жасады» дейтін пікірлер қалыптаса бастады. Үкімет бұл қауіптенушіліктерге орын жоқ екендігіне дәлел ретінде Қырғыз үкіметі мемлекеттің мүддесін қорғағандығы, өзара таласта болған жерлердің 70%-ын мемлекетке қайтарғандығы, соның ішінде, Хан-Тәңрі шыңы бұдан былай Қырғызстанға тиесілі болатындығын мәлімдеді. Келісім қырғыз-қытай қарым-қатынастарының одан әрі дамуына үлкен үлес қосты. Дегенмен, қырғыз саяси элитасы Қытайдың Орталық Азиядағы сыртқы саясатына қатысты ұқып және қауіппен қарауды тоқтатқан жоқ. Бұл «уайымдар» қырғыз саяси элиталарының Қытай сыртқы саясатын толық түсінуге тырыспағандығымен, негізгі позиция тарихи тұрғыдан «көшпелі тайпалар мен Цинь империясының жауласу қарым-қатынаста болуына» негізделді. Алайда, екі ел арасындағы қарым-қатынастарда саяси дискурста қарағанда экономикалық дискурстар басымырақ болды. Мысалы, «Дордой» және «Қара-Суу» базарлары Қырғызстанда ғана емес Орталық Азиядағы ең үлкен қытай тауарлары өтетін «алып-сатпа» базарлары болып табылады. Бұл базарлар арқылы Қытай тауарлары Өзбекстанға, Қазақстанға, Ресейге жіберіледі. Бұл базарлардағы жылдық тауарайналым \$7-8 млрд-ты құрайды. Дегенмен әлі күнге дейін нақты экономикалық деректер жоқ. Себебі бұл базарлар екінші жағынан Қырғызстанның «көлеңкелі экономикасының» сипатын көрсетеді. Базарлардың қызметіне қатысты нақты есепшілік пен ашық саясаттың жүргізілмеуі – жекелеген мемлекет басқарушы шенеуніктер, бизнесмендер, кәсіпкерлер мен ұйымдасқан қылмыстық топтарға

дейін базарлардың қазіргі жағдайының сақталып тұруына мүдделі екенін аңғаруға болады. Егер А. Ақаев пен Қ. Бакиев кезінде базарды бақылауға қатысты тұрақсыздық жалғасып келген болса, Р. Отунбаева тұсында «көлеңкелі экономика» ұлғайды. Қырғызстанның Кедендік Одаққа мүше болуы – Дордой мен Қара-Суу базарларында өз үлесі бар шенеуніктер тобы тарапынан үлкен қарсылыққа ұшырады. Оның себебі, Кедендік Одаққа байланысты мемлекеттік шекаралардың жабылуы арзан Қытай тауарларының Қырғызстанға кіруіне тосқауыл болатындығына байланысты болды.

Қытаймен қарым-қатынастардағы тағы бір маңызды бағыт – ол мемлекеттің ішкі инфрақұрылымдарын дамытуға қатысты Қытай банктенінен несие алу. А. Ақаев пен Қ. Бакиев кезінде үкімет Қытай банктенінен несие алуға байыптылық танытса (\$38 млн.), 2009 жылдан бастап бұл инициатива күрт өсті. Әсіресе, А. Атамбаев режимі кезінде бұл көрсеткіш рекордтық деңгейге – \$1,5 млрд. -ға өсіп, Қырғызстанның сыртқы қарызының 90%-ын құрады (Егер 2010 жылы Қырғызстанның Қытайға қарызы \$150,9 млн. болса, 2017 жылға келіп ол – \$1,708 млн.-ға өсті). Бұл несие негізінен ең қымбат жоба ретінде – «Солтүстік-Оңтүстік» автожолын жөндеу жұмыстары жобасына – \$399,9 млн, \$775,8 млн. – «Датқа» – «Кемин» электр энергиясын тасымалдаушы желісі мен «Бішкек» ЖЭС-ін қайта жөндеу және жабдықтау жобаларына бағытталды. Қалған бөлігі бірқатар басқа жобалар мен бір қатарда Қырғызстанның бюджетіндегі тапшы қаржылық теңгерімдерді қалпына келтіруге жұмсалды. Бұл жағдай Қытайдың экономикалық тұрғыдан Қырғызстандағы ықпалының артқандығын көрсетеді. Қырғыз билігінің осы әрекетінен қалыптасқан ішкі мәселелерді қысқа мерзімге шешуге тырысып жатқандығын, ал, шын мәнінде өздері қауіптенген «Қытай экспансиясының» «тұзағына» бірте-бірте түсіп жатқандығын аңғаруға болады.

Қырғызстанның сыртқы саясатындағы батыстық бағыты – Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін АҚШ және оның одақтастары биполярлық жүйе мен коммунизмнің тоқырауының аясында Қырғызстанның ең үлкен перспективалы әріптесіне айналу мүмкіндігі жоғары болды. Батыстық мемлекеттер Қырғызстанға еркін нарық пен либералдық демократиялық принциптеріне негізделген тартымды жаңа даму модельдері мен қаржылық көмекті ұсынуға тырысты. Мемлекеттің бірден кедейленуі мен экономикалық дағдарысқа ұшырауы – А. Ақаев режимін жылдам

шешім-әрекетті жасауға итермеледі. Батысқа бағытталу – А. Ақаев режимінің сыртқы легитимділігін тұрақтатудың бірден-бір жолы болды. А. Ақаев билігі Әлемдік банк, Еуропа қайта құру банкі, Халықаралық Валюта қорынан грант, несиелі формасындағы қаржыландыру алды. Батыстық бұл қолдаулар бір жағынан Қырғызстандағы экономикалық мәселелерді батыстық идеялар негізінде шешуге бағытталса, екінші жағынан, КСРО кезеңінде қалыптасқан саяси-әлеуметтік жүйе қалдықтарының негативті салдарын бір-жолата жоюды көздеді.

Алайда, батыстық неолибералды құндылықтар мен халықаралық ынтымақтастықтың маңыздылығы мен тиімділігін өз электораты алдында рационалды түрде түсіндіру және бейімдеу А. Ақаев режимінің қолынан келген жоқ. Экономикасы құлдырауды жалғастырды және сонымен бірге мемлекеттің сыртқы қарызы күн санап арта бастады. А. Ақаевтік капиталистік реформалар керісінше ішкі коррупцияның, көлеңкелі экономикалық және қылмыстық әрекеттердің өсуіне, институтционалды жүйелердің тоқырауына, басқару жүйелерінің орына алған алуан түрлі сын-тегеуріндерді дер кезінде бақылау және алдын-алуға дәрменсіз болуына алып келді. Соның нәтижесінде 2001 жылға келіп, Қырғызстан мен АҚШ-пен қарым-қатынастан алшақтай бастады. Ал, Вашингтон Бішкекті аймақтағы негізгі маңызды әріптес ретіндегі қарауды тоқтатты. Екі мемлекет арасындағы қарым-қатынас тек жергілікті әлеуметтік-гуманитарлық бағытпен ғана шектелді. Бұл бағыт бойынша негізінен USAID, Демократияны қолдаудың ұлттық қоры (National Endowment for Democracy, NED) сияқты ұйымдардың жергілікті жобалары аясында өрбіді.

Екі жақты пассивті қарым-қатынас 2001 жылғы 11 қыркүйектегі оқиғасынан кейін қайта жанданды. А. Ақаев Вашингтонның Ауғанстанға әскери кампаниясы – «Мызғымас бостандық» операциясын тиімді жүзеге асыру мақсатында Қырғызстан аумағынан әскери база ашу ұсынысын қабылдады. Бір жағынан, Қырғызстанда әскери базасының болуы Вашингтон билігі үшін әскери контингенттерді, әскери техникалар мен құрал-жабдықтарды Ауғанстан аумағына жылдам жеткізуде таптырмас тиімді плацдарм болса, екінші жағынан, Ресей мен Қытайдың аймақтағы ықпалын тежеуге және теңгерімдікті қамтамасыз ететін маңызды геостратегиялық ресурс объектісі болды. Соның нәтижесінде, Бішкектегі Манас халықаралық әуежайында құрылған АҚШ әуе әскери базасы екі мемлекет қарым-

қатынасын қайта қалпына келтірген маңызды, байланыстырушы элемент болды. Бұл Қ. Бакиев режимі билікке келерде де, келгеннен соң да байқалды. Қ. Бакиев режимінің авторитарлық сипатының артуы, елдегі наразылықтың артуы, адам құқығының бұзылуы, коррупцияның өсуі, кезекті парламенттік және президенттік сайлаулардың қорытынды нәтижелерінің бұрмалануы (фальсификация) мәселелеріне Вашингтон «көз жұма» қарады. Бұл жағдай Р. Отунбаева уақытша президенттікке келгенде де жалғасты. Барак Обама билігіне Қырғызстанның ішкі жағдайындағы көлеңкелі өзгерістерге қарағанда Ауғанстандағы әскери кампания аяқталғанға дейін әуе әскери базасының тұрақты түрде сақтап қалу маңыздырақ болды. 2010 жылғы Оштағы ұлтаралық қақтығыстар кезінде де Вашингтон билігі үдеріске араласпады. Бұл сарапшыларға американдық истаблишменттің сыртқы саясатындағы Қырғызстанның маңыздылығына қатысты аралық қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Американдық әскери базаның жабылуы АҚШ-тың Қырғызстанға қатысты мүдделік қызығушылығының тоқтағандығын аңғартса, екінші жағынан жаңа қырғыз элиталарының демократиялық принциптерге қатысты тәсілдерін көрсетті.

Жалпылай алғанда, Қырғыз билігі сыртқы саясатта Ресей, Қытай, АҚШ арасындағы теңгерімділікті сақтауға ұмтылғандығын жасырмаса да, саяси процестерді іске асыру барысында мемлекеттік мүдделерді қамтитын тұрақтылық пен бірыңғайлық жүйені қалыптастыра алмағандығын байқауға болады. Қырғызстанның сыртқы саяси бағыты жекелеген оппортунистік жағдайлар, жекелеген саяси конъюктуралардың мүдделері, белгілі бір сыртқы саяси полюске беріксіздік элементтерін қамтитын, тек саяси және экономикалық пайданы көздеу арқылы аймаққа, мемлекетке ықпал етуге мүдделі державаларды бір-біріне айдап салатын сипатта болды деп баға беруге болады.

2. Пассивті инициативалар

Шағын мемлекет ретінде өз тәуелсіз тарихында Қырғызстан халықаралық үдерістерде өз бетінше белгілі бір халықаралық маңызы бар идеялық бастамаларды ұсынды деп айту қиынырақ. Әйтсе де, А. Ақаев 1996 жылы БҰҰ аясында таулардың халықаралық жылын мерекелеу идеясын ұсынды. Идея БҰҰ Бас Ассамблеясының 1998 жылғы өзінің 54-пленарлық отырысында өз жалғасын тауып, нәтижесінде, 2002 жылы БҰҰ бойынша халықаралық таулар жылы деп жария-

ланды. Осыған орай, бұл инициатива таулы аймақтар мен таулы жазықтықтарда өмір сүретін халықтардың әл-ауқатын арттыру, экологияны қорғау, табиғи ресурстарды үнемдеу және таза, тиімді пайдалану, ластанушылықтың алдын алу сияқты мәселелерді қамтитын бағдарламаларды қамтыды.

Сонымен қатар, жоғарыда атап өткендей, А. Ақаевтың «Жібек жолы» доктринасы да Қырғызстан сыртқы саясатында егеменді актор ретіндегі ауқымдылығы аймақтық және құрлықтық деңгейдегі қарым-қатынастарды қамтитын дербес идея болып саналады. Идеяның түбірінде – Қырғызстанның Шығыс пен Батысты жалғастыратын «көпір» болу мүмкіндіктері қарастырылады. Мұндай инициативалар негізінен мемлекеттің халықаралық имиджін арттыруға бағытталғанымен шын мәнінде, авторлардың пікірінше, әлемдік саяси үдерістердегі маңыздылығы шамалы.

Қырғызстанның аймақтық және халықаралық үдерістердегі маңызды жағдайларды реалистік тұрғыдан өз мүддесін пайдаланатын мүмкіндіктері болды. Мысалы, 2008 жылы Косово тәуелсіздігін жариялағанда, НАТО-дағы Ресей өкілі Константин Тоцкий Брюссельде ТМД елдеріне Косовоның тәуелсіздігін мойындамауы туралы ұсыныс берді. Алайда, Қырғызстан өкілі бұл ұсынысты қабылдамай, Косовоның тәуелсіздігін мойындады. Женевадағы адам құқығы жөніндегі кеңесте Солтүстік Суданға қатысты резолюцияны қолдау бұйрықты түрде ұсынылды. Қырғызстандық өкіл бұл ұсынысты қолдау дауыс бермеді. Себебі, сол кезде Қырғызстан Пәкістан мен Кувейттен үлкен инвестициялық көмек туралы келісімге қол жеткізген еді. Ал, бұл мемлекеттер Солтүстік Судан туралы резолюцияға қарсы дауыс берді. Сондықтан, Қырғызстан американдық әріптестердің қолқасына қарамастан резолюцияны қолдап, дауыс беруден бас тартты. Осындай жекелеген кәйстердегі дербестік мемлекеттің өз мүддесі негізде қорғай алатындығын көрсеткенімен жалпы контексте шағын мемлекеттің инициативалылықта шектеулі екендігін аңғартады.

Керісінше, шағын мемлекеттер өзіне қарағанда қуатты орта, аймақтық державалар, ұлы державалар, супердержавалардың мүдделеріне сәйкес ұсынылатын «жалпыға ортақ» бастамалары шағын мемлекеттер тарапынан қолдау табатын жағдайлар көптеп ұшырайды. Бір Қырғызстанның өзі Орталық Азия аймағы деңгейінде, халықаралық деңгейде, әлемдік деңгейде де бірқатар инициативаларды өз мүддесіне

сәйкес келсін, келмесін, амалсыздан орындауға мәжбүр.

1993 жылы БҰҰ-ның 48-сессиясында Өзбекстан Президенті И. Каримов алғаш рет «Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аймақты» құру туралы инициативасын ұсынды. Өзбекстан Президенті инициативасының халықаралық-құқықтық рәсімдеу іс-шарасы 2006 жылы 8 қыркүйекте Семейде өтті. Ал, келісім-шарт 2009 жылдың 21 наурызынан бастап өз күшіне енді. Қырғызстан Президенті А. Ақаев келісімге қол қойды. Сол сияқты Қырғызстанның сыртқы саясаты айналып өте алмайтын кез-келген басты аймақтық жобалар негізінен Қырғызстаннан емес, көршілес мемлекеттерден, немесе аймақтық державалардың бастамасымен жүзеге асырылды.

3. Географиялық орналасуы

Қырғызстан – географиялық жағынан мұхитқа шыға алмайтын мемлекеттердің (land-locked countries) қатарында. Сонымен қатар, Қырғызстан реализм контекстіндегі маңызды рөл атқаратын буферлік мемлекет санатына жатпайды. Басқаша айтқанда, территориялық орналасуына қарай екі алпауыт державаны арасындағы өзара жалғастырушы мүмкіндігі жоқ. Мемлекеттің жер бедерінің 94%-ы таулы аймақ, соның ішінде, 70%-ы биік жоталы таулы аймақтарды құрайды. Ішкі табиғи ландшафт мемлекеттің әлемдік нарыққа қол жетімділігін азайтады.

Қырғызстан үшін мемлекеттің ішкі(кейбір стратегиялық маңызды мәселелер, мысалы: энергетика саласы т.б.) және сыртқы жағдайында өз мәселелерін дербес шеше алмайтындығы мәлім болса, осы мәселелерді шешуге бағытталған мемлекет тарапынан қолданылып жатқан іс-шаралардың тиімділігі төмен екендігін аңғаруға болады. Соның бірі шекара мәселесі төңірегіндегі дау. Қырғызстанның мемлекеттік шекарасының жалпы ұзындығы – 4675,17 шақырым. Соның ішінде, Өзбекстанмен – 1378,44 шақырым, Қазақстанмен – 1241,58 шақырым, Қытаймен – 1084,35 шақырым және Тәжікстанмен – 984 шақырым. Соңғы 30 жылда мемлекеттік шекараны бекіту (делимитация және демаркация) мәселесін Бішкек аталған мемлекеттердің үшеуімен толық шеше алды. Тек, Тәжікстанмен ғана бұл мәселе өз шешімін таба қойған жоқ. Аталған 984 шақырымның 40%-ы әлі күнге дейін екі мемлекеттің арасындағы саяси басшылар тарапынан өзара пікірталас бастап тіпті, шартты шекаралық аймақтарда өзара қарулы қақтығыстарға дейін баратын деңгейге жетті. Қазіргі кезде 749 шақырым бойынша екі мемлекет шекара сызы-

ғын анықтаған болса, 245 шақырымы бойынша келісімге келген жоқ. Негізгі даулы аймақ Ворух, Сох, Баткент обылысындағы Лейлек және Баткент аудандары болып отыр (Абытов, Б.К., 2023:4).

2002, 2003, 2019, 2021 жылдардағы екі мемлекет басшыларының жоғарғы деңгейдегі кездесулері аталмыш мәселені шеше алған жоқ. Оның дәлелі – 2021 жылғы 28 сәуірден – 1 мамыр аралығындағы, 2022 жылғы 14 қыркүйектен – 19 қыркүйек аралығындағы екі мемлекеттің шекара аймақтарындағы қарулы қақтығыстар. Соңғы қақтығыс екі мемлекет әскери күштері сапында қаза тапқандар санының көп болғандығымен есте қалды. Ирониялық жағдай – соңғы шекаралық қақтығыс Өзбекстанның Самарқанд қаласында ШЫҰ-ның 22-саммиті кезінде орын алды. 16 қыркүйекте В. Путиннің инициативасымен Самарқандтағы саммит кезінде Э. Рахмон мен С. Жапаров дөңгелек үстелге отырды. Үш тарапты кездесудің қорытындысы бойынша қақтығысушы екі тарап шекара дауын тек – бейбіт дипломатиялық келіссөздердің күшімен шешуге уағдаласты. Ізін ала, 19-қазанда тағы да В. Путиннің бастамасымен С. Жапаров пен Э. Рахмон кездесіп, соның нәтижесінде үкіметтік деңгейдегі комиссия құрылып, делимитация және демаркация жұмыстарын бірігіп жүргізуге келісілді. Әйтсе де, статистикалық деректерге сүйенсек, 2012-2022 жылдар аралығында шекара аумағында орын алған екі мемлекет аралығындағы қақтығыстар саны – 151 рет орын алған. (Абытов, Б.К., 2023:4-5).

Мемлекеттік шекараның бекітілмеу мәселесі түбінде қандай геосаяси катастрофаға алып келетінін Ресей-Украина соғысы көрсеткенін ескерсек, екі мемлекет үшін қазіргі геосаяси реалиялар мен сын-тегеурінді жағдайларда өзара мемлекеттік шекараны анықтау және бекіту ең маңызды ұлттық мүдде болып отырғаны анық. Ресейге аймақтағы ықпалды гегемон ретінде бұл мәселеде бір жақтың тарапына шығу тиімсіз. Себебі, Ресей Тәжікстан мен де, Қырғызстанмен де стратегиялық қарым-қатынасы позитивті нотада. Сондықтан, Қырғызстан үшін бұл мәселеде теңгерім бағанын өз пайдасына аудару қиынға соғады.

Екінші мәселе – Қырғызстандағы энергия көздеріне тапшы болуы. Мемлекет өз ішіндегі сұраныстарды қанағаттандырушы энергетикалық көздерінен махрұм. Су энергетика көздері ішкі энергия өндіру саласының үштен екі бөлігін құрайды. Бұл мәселе әсіресе қысқы мерзімде айрықша байқалады. Ішкі сұраныстарды қам-

тамасыз етуге арналған мұнай және табиғи газ өнімдерінің 90%-ы Қазақстан мен Ресейден импорт жасалынады. Ресейге энергетикалық тәуелділік және Ресейдегі қырғыз жұмысшы мигранттарының күн санап артуы Мәскеуге Бішкекпен қарым-қатынастарда үлкен басымдылық береді. Бір ғана мысал, Қырғызстан Президенті Құрманбек Бақиев Манас халықаралық әуежайындағы АҚШ әуе әскери базасын жабуға қатысты мәселені шешуден бас тартқанда сол кездегі Ресей Премьер-Министрі В. Путин Қырғызстанға ресейлік энергия ресурстары экспорттауға қатысты кедендік салық жеңілдіктерін алып тастаған болатын. Осыған байланысты, бұл Қырғызстандағы электр энергиясы тарифының бағасының өсуіне және елдегі толқулардың қайта жандануына, түбінде Құрманбек Бақиевтің өз қызметінен кетуі себептерінің бірі болды. Қ. Бақиевтің ізбасары – Алмазбек Атамбаев Ресейге Қанттағы авиабазасын жалға беру мерзімін 15 жылға ұзартуға шешім қабылдап, соның нәтижесінде Ресей Нарын өзеніндегі 4 су энергия станцияларын салуға келісті. Бұл аз дегендей, Ресейлік газ өндіру және экспорттау гиганты «Газпром» «Қырғызгаз» компаниясының 100%-ік акциясын иемдену құқығына ие болды.

Одан бөлек, Қырғызстан Қытаймен энергетика саласындағы ынтымақтастықты дамытып, Ресейге тәуелділікті азайтуға және екі жақты теңгерімділікті қалыптастыруға тырысып бақты. Қытай Ресейге қарағанда мемлекеттің ішіндегі болашағы бар металлургия саласын қаржыландыруға қызығушылық танытты. Сонымен бірге, Қытай Қырғызстанның энергетикалық инфрақұрылымын дамытуға арнаған бірқатар жобаларды жүзеге асырды. Атап айтқанда, Қырғызстанның оңтүстік аймақтарындағы электр энергияларын тасымалдау жүйелерін жаңарту мен Бішкек қаласындағы жылу энергия станцияларын күрделі жөндеуден өткізу, Датқа-Кемин электр желісі салу жобаларын іске асырды. Алайда, Қытай қаржылық қолдау жобалары міндеттемесіз қалған жоқ. Қырғыз қоғамында Қытай тау-кен өндіру компаниялары «қоршаған ортаны ластау» деңгейі жоғарылығына және өндіріс аймақтарында қытай компанияларының жұмысқа негізінен өз азаматтарын алуының нәтижесінде жергілікті тұрғындарды жұмысты қамту мәселесіне салғырт қарайтындығы сияқты пікірлер кеңінен талқыға түсті. Оның үстіне Қырғызстанның сыртқы қарызының 43% үлесі Қытайға тиесілі болуы және сол қарызды төлеу үшін Қытайдың жер мен ресурстарды сұрайды дейтін факторлар қоғамдық үрейді туғызды.

2014 жылғы Қырым түбегін аннексиялауына байланысты туындаған Ресей мен Батыс мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастардың ушығуы Қырғызстанның көп векторлы саясатына жаңа қиындықтар алып келді. Бішкектің Мәскеуге экономикалық және қауіпсіздік салалар бойынша тәуелділігі оның сыртқы саясатта Ресеймен қарым-қатынасының одан тәрі тығыз болуын қамтамасыз етті. Қырғызстан Қырымның мәртебесіне қатысты өткен референдумның легитимділігін мойындап, Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Украина территориясының біртұтастығына қатысты резолюциясына дауыс беруде қалыс қалды. Бішкектің ЕЭО-ға мүше болуы жергілікті қырғыз базарларында, әсіресе, Дордой және Қарасууда ЕЭО-ға мүше емес мемлекеттерден келген тауарларға қосымша тариф енгізуге және қырғыз базарларының арзан қазақстандық және ресейлік тауарлармен толуына, алып-сату сауда көлемінің төмендеуіне алып келді. Осы іс-шаралардан кейін Мәскеу қырғыз жұмысшы мигранттарына қатысты көші-қон амнистиясын жариялады. Қырғызстан ЖҰӨ-нің 30%-ға жуығы Ресейде жұмыс жасайтын қырғыз жұмыс мигранттар аударатын қаржыдан (remittances) тұрады.

Қырғызстанда қазіргі таңда сыртқы қаржылық инвестицияны талап ететін бірнеше энергетикалық жобалар бар. Мысалы, «Сары-Жаз өзені бойындағы ГЭС», «Жоғарғы Нарын бойындағы ГЭС», «Қамбар Ата-1 ГЭС», «Алабұға өзені бойындағы ГЭС», «Токтогул өзені бойындағы ГЭС», «Кок-Сай ГЭС» сияқты электр энергиясын өндіру мақсатындағы энергетикалық жобалар әлі күнге дейін инвестицияларды талап етеді. Бішкек, осы орайда, Ресей мен Қытай компанияларына ұсыныс жасауда. Дегенмен, де-факто жобаларды іске асыру жұмыстары қаржы тапшылығынан тоқтап тұр. Егер Токтогул өзені бойындағы ГЭС өз жұмысын жалғастырып жатқанымен, инфрақұрылым мен энергия өндіру мүмкіндіктерін кеңейту жағдайын талап етсе, «Қамбар Ата-1 ГЭС-і» батыстық экономикалық санкцияларға байланысты ресейлік компаниялардың қаржыландыру әрекеттері тоқтап қалуына орай, үкімет тарапынан екі жақты келісімдерді денонсация жасауына алып келді. Соның нәтижесінде, Бішкек энергетика тапшылығы мәселелерін өзі дербес түрде шеше алмауда. Ал, оның Ресейге тәуелділігінің артуы геосаяси контекстінде инвестициялық тартымдылығын төмендетеді. Пекин осы орайда, Қырғызстанға қатысты негізгі мүдделерін жүзеге асыруда Мәскеудің «қабағына» қарауға мәжбүр. Ал,

ішкі сұраныстарды қамтамасыз етуде – көршілес мемлекеттерден энергетикалық ресурстарды импорттауға мұқтаж. Бұл да мемлекетті сыртқы күштердің Қырғызстанға ықпалын арттыруға, дербес сыртқы саясатты жүргізуге кедергі болуға септігін тигізеді.

4. Халықаралық құқықтық-нормаларға сүйену

Қырғыз Республикасының Жоғары Кеңесі қабылдаған Тәуелсіздік туралы Декларациясы Қырғызстанның халықаралық аренадағы мәртебесін анықтаған бірінші ресми құжат болды. Оған сәйкес, Қырғызстан – қырғыз ұлтының өзін-өзі айқындау ажырамас құқығына негізделген ұлтты тәуелсіз, егеменді және демократиялық мемлекет болып табылады. Осыған байланысты, 1991 жылы 31 тамызда Қырғыз Кеңес Социалистік Республика мемлекет ретіндегі мәртебесінің заңды күші жойылды. Декларацияның 13-бабы Қырғызстан егеменді мемлекет мәртебесінде халықаралық қауымдастықтың тең құқылы мүшесі ретінде халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті тұрақты етуге белсенді түрде күш салады. Халықаралық құқықтың субъектісі ретінде Қырғызстан өзге де мемлекеттермен тікелей қарым-қатынастар орнатуға, келісім-шарттар жасауға, өзара дипломатиялық, консулдық, сауда өкілдіктерін орнатуға, халықаралық ұйымдарға мүше болуға және олардың қызметіне қатысуға құқылы. Декларацияның 14-бабы Қырғызстанның халықтар арасындағы достық және ынтымақтастықтың жалпыға бірдей танылған нормалары мен қағидаттарына, өзіне қабылдаған міндеттемелерді тұрақты түрде сақтауға және орындауға, ұлтаралық, халықаралық қақтығыстар мен текетірістерге жол бермеуге ат салысады. Осыған орай, Тәуелсіздік туралы декларация мемлекеттің сыртқы саясаты мен дипломатиялық қызметін айқындаған алғашқы құқықтық құжат болып табылады.

1993 жылы 5 мамырды Қырғызстан Парламенті мемлекеттің Ата заңын (Конституциясын) бекітті. Ата Заңға сәйкес, Қырғызстан зайырлы қағидаттар мен заң үстемділігіне негізделген егеменді, унитарлы, демократиялық мемлекет болып табылады. Тәуелсіздік туралы декларация көрсетілгендей, Қырғызстанның Ата Заңы да мемлекеттің халықаралық нормаларға адал, әрі беріктігін, халықаралық ынтымақтастық пен жалпыға ортақ әділ әлем құруға ат салысатындығын дәйектейді. Сонымен қатар, 1993 жылғы Қырғыз Ата Заңы сыртқы саяси бағытты

айқындау күзиретін Президентке жүктейді. Соның нәтижесінде, А. Ақаев Президент боп сайланғаннан кейін, мемлекеттің сыртқы саясатының негізгі бағыты ретінде – көпвекторлы саяси жүйені ұсынды. Бұл концепция Қырғызстанның өз географиялық орналасу артықшылықтарын пайдалана отырып, алпауыт державалар арасындағы теңгерімділікті сақтауға, державалардың мүдделерін біріктіруге ұмтылатындығын айқындады. Алпауыт державалар ретінде – Ресей, Қытай, дамыған Батыс (АҚШ және оның одақтастары) меңзелді. А. Ақаевтың позициясы бойынша көпвекторлы саясат – «немесе» және «немесе» қағидастарына емес, керісінше «және» – «және» қағидастарына негізделеді. А. Ақаевтың бұл идеясы оның 1999 жылғы «Жібек жолы» докторинасында (Қырғызстанның «еуразиялық құрлықтық көпір» болу мүмкіндіктерін қарастыратын идея) айқын көрсетілді. Бұл докторинаға сәйкес, Қырғызстан Шығыс пен Батысты өзара байланыстыратын кішігірім «микроғарыш» кеңістігі рөлін атқаруы тиіс болатын. А. Ақаев сыртқы бұл докторинасын сабақтау мақсатында – «Қырғызстан – біздің ортақ үйіміз» мемлекеттің ішкі саясатын тұрақтандыруға бағытталған концепциясын алға тартты. «Қырғызстан – біздің ортақ үйіміз» концепциясы – кеңестік кезеңнен мұра ретінде қалған қырғызстандық қоғамның көпұлттылығы мен көп мәдениеттілігінің өзара үндесуі, гармонияда өмір сүруін негізге алады. Сонымен А. Ақаев Қырғызстанның көпұлттылығы пен көп мәдениеттілігі негізіндегі толеранттылық және көпқырлылық тәжірибесі сыртқы саясатта Шығыс пен Батысты жақындастыруда шешуші рөл ойнайтындығына сенімді болды. Осы орайда, А. Ақаев билігінің көпвекторлы стратегиялары біріншіден, Орталық Азия аймағындағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті күшейтуге ат салысуға; екіншіден, аймақтық интеграциялық үдерістерді қарқындету үшін географиялық көрші мемлекеттермен өзара ынтымақтастық пен достық қарым-қатынастарды нығайтуға; үшіншіден, ТМД аясындағы көпқырлы әріптестікті нығайта отырып, ұйымның саяси және экономикалық әлеуетін арттыруға ат салысуға; төртіншіден, Шығыс пен Батысты дамыған мемлекеттерімен әріптестікті қарқындетуға; бесіншіден, БҰҰ мен басқа әлемдік экономикалық-қаржылық институттармен, халықаралық және аймақтық ұйымдармен байланыстарды дамытуға; алтыншыдан, дамушы және өтпелі экономикалы мемлекеттермен тәжірибе алмасу арқылы өз даму жүйесін толықтыру мәселелерін қамтыды.

Ал, Қ. Бақиев билікке келгенде оның режимі А. Ақаевтың көп векторлы саясаты бағытын жалғастырғанымен, оның «Ұлы Жібек жолы» докторинасынан бас тартты. Оның орнына Қ. Бақиев билігі 2007 жылы 10 қаңтарда жаңа сыртқы саяси концепцияны қабылдады. Қ. Бақиев билігі үшін концепция 2005 жылғы Қырғызстандағы саяси-әлеуметтік дағдарыспен қоса пост-ақаевтік кезеңдегі туындайтын жаңа реалияларды, сол кезеңдегі әлемдік және аймақтық геосаяси өзгерістер мен үдерістерде есепке алуы керек еді. Сонымен қатар, мемлекеттің жаңа сыртқы саяси концепциясы тек президенттің ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік және жергілікті басқару органдарының, кәсіпкерлер мен бизнесмендердің, азаматтық қоғамның да мүдделерін қамтуы керек болды. Соның нәтижесінде, құрастырылған жаңа концепция 4 бағытты негізге алды: біріншіден, ұлттық қауіпсіздікті сыртқы саяси тәсілдермен нығайту; екіншіден, ұлттық дамуды жүзеге асыру үшін тиімді сыртқы саяси орта қалыптастыру; үшіншіден, Қырғызстанның позитивті сыртқы имиджін қалыптастыру; төртіншіден, Қырғызстан сыртқы істер министрлігі басшылығы мен басқа мемлекеттік және қоғамдық институттардың қатысуымен тиімді сыртқы саясат жүйесін қалыптастыру. Оған қоса, концепцияда 3 географиялық аумақтар деңгейі айқындалды. Бірінші деңгей аймақтық деңгейді қамтиды. Бұған Қытай, Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстанды шекаралас мемлекеттер кірді. Шекаралас мемлекеттермен ынтымақтастықты дамыту арқылы жақын/алыс перспективада бұл мемлекеттермен аймақтық интеграциялық жобаларды (ШҰҰ, ҰҚШҰ, ЕЭҚ) дамыту шараларын жүзеге асыру көзделді. Екінші географиялық деңгей – құрлықтық деңгейге бағытталды. Құрлықтық деңгей – Ресей, Қытай, АҚШ, ЕО, Германия, Жапония, Үндістан және Түркияны қамтыды. Бұл деңгейде негізінен аймақтық және ұлы державалардың Қырғызстанмен қарым-қатынастардағы мүдделерін мемлекеттік мүдделермен ұштастыру басқа міндет болды. Үшінші географиялық деңгей – әлемдік жән халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынастарды нығайтуға бағытталды. Оған сәйкес, Қырғыз билігі БҰҰ мен басқа да Әлемдік Банк, Халықаралық валюта қоры, Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕҚҚДБ), Азия даму банкі (АДБ), Ислам даму банкі (ИДБ) сияқты әлемдік қаржылық институттармен қарым-қатынастарды одан әрі дамыту мәселелерін қарастыру көзделді. Жалпы алғанда, Қырғызстанның сыртқы саясаты мемлекеттік мүдделер мен ішкі ресурс-

тардың әлеуетіне негізделетін көпвекторлы, теңгерімді, прагматикалық саясат болу қажеттілігі туындады.

Р. Отунбаева билік еткен кезең қысқа болды. Сондықтан оның өтпелі билігі кезіндегі сыртқы саяси өзгерістер А. Ақаев пен Қ. Бақиевтің кезіндегідей қарқынды болған жоқ. Өзгеріс негізінен сыртқы саяси шешімдерді қабылдайтын мемлекеттік құрылымдарда жасалынды. Р. Отунбаеваны сайлаған референдумда Президенттің күзіреті азайтылып, негізгі күзіреттер парламентке берілді. Оның үстіне, Р. Отунбаева бұрынғы режимдердің сыртқы саясаттағы көпвекторлылықты сынап, сол арқылы мемлекеттің дәрменсіздігін жасырудың құралына айналдырды деп айыптады. Оның орнына Р. Отунбаева сыртқы саясатқа жүйелілік құруға, аймақтық және әлемдік жүйелі ось-тер мен полюстарды нақты айқындайтын қағидаттарды жасауға, режимаралық бірыңғайлықты қалыптастыруға үндеді. Жақында ғана қабылданған сыртқы саяси концепция толық өзгере қойған жоқ. Бірақ Р. Отунбаева билігі бақиевтік сыртқы саяси концепцияға бірқатар өзгерістер енгізді. Бұл «қайта қосу» тәсілі еді. Оған сәйкес, сыртқы саяси концепцияда «әлемдік қатынастардың қырғызстандық көрінісі» болуы керек. Көп векторлы саясат – Қырғызстанның негізгі ресми саяси бағыты емес, көп дискурстың бірі болуы тиіс.

5. Халықаралық ұйымдарға мүше болу басымдылығы

Қырғызстан 1992 жылы 2 наурызда басқа да пост-кеңестік мемлекеттермен бірқатарда БҰҰ-ның толыққанды мүшесі болып қабылданды. Бұл мемлекеттің сыртқы саясатындағы елеулі жетістік еді. Себебі, БҰҰ-ға мүше болу – мемлекеттің халықаралық және әлемдік саясаттағы дербес саяси субъект, жеке актор ретіндегі мәртебені береді. Ал, 1993 жылы А. Ақаевтің пен Біріккен Ұлттар ұйымының даму бағдарламасы (БҰҰДБ) жетекшісі Дж. Спетпен кездесуінен кейін БҰҰДБ Қырғызстандағы өз филиалы кеңсесін ашты. Бұл кеңсе Қырғызстан мен БҰҰ арасындағы қарым-қатынастарды іс-жүзінде жүзеге асыратын атқарушы орган қызметін атқарды.

Ал, 1998 жылы Қырғызстан Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) мүшелікке қабылданды. Бұл халықаралық қауымдастық және сарапшылар тарапынан мемлекеттің әлемдік процесстерге интеграциялануына жеделтетін маңызды қадам ретінде бағаланды. Оның үстіне Қырғызстан ДСҰ-ға мүше болған алғашқы пост-кеңестік мемлекет еді. Бұл кезеңде Қырғызстан БҰҰ

шеңберіндегі бірнеше ұйымдарға мүшелікке қабылданды. Атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы (ЮНЕСКО), БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссары Басқармасы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қоры (ЮНИСЕФ), Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП), Біріккен Ұлттар Ұйымының халық қоры (ЮНФПА), БҰҰ Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасы, БҰҰ Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы комиссары басқармасы және Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы (ДДСҰ) сияқты ұйымдармен байланыс орнату бір жағынан Қырғызстанның әлемдік процесстерге қатысуға дайын екендігін көрсетсе, екінші жағынан әлемдік ұйым аясындағы мемлекеттің халықаралық имиджін арттыратын символикалық маңызға ие болды.

Сонымен қатар 1992 жылы 30 қаңтарда Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңеске мүше ретінде қабылданып, А. Ақаев 8 шілдеді Хельсинки Актісіне қол қойды. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің 1994 жылы Будапешттегі кездесуіндегі қабылданған шешімімен 1995 жылдың 1 қаңтарынан бастап Кеңес Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңес – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕКҰҰ) айналдырылды. Алғашқыда, Қырғызстан мен Орталық Азия мемлекеттерінің бұл ұйымға мүше болуына қауіпсіздік кеңестің құрылтайшыларының бәрі келісімін бермеді. Себебі, еуропалық мемлекеттер кеңестік географиялық кеңістігінің оңтүстік және шығыс бағыттағы кеңеюіне скептикалық тұрғыдан қарады. Жаңадан пайда болған мемлекеттердің саяси-әлеуметтік сипаты, тұрақты, әлі іс-жүзінде тексерілмеген саяси жүйесі, аумақтағы геосаяси жағдай – Ресей мен Қытайдың ықпалы, Ауғанстанмен байланысты тұрақсыздық элементтері қауіпсіздік кеңес мүшелерін ойландырды. Дегенмен, АҚШ-тың инициативасымен Еуразия аймағында либералдық демократия мен еркін нарықтық экономиканы алға тарту мақсатында жаңа мемлекеттерді қабылдау – потенциалды саяси және экономикалық тұрақтылық/тұрақсыздық, ұлттаралық жанжалдарды өз бетінше қалдыруға қарағанда ұйым шеңберінде бақылауда ұстау тиімдірек болды. Дәл осы логика түбінде қауіпсіздік кеңес мүшелерінің позициясының өзгертуге алып келді. Ф. Миконың пікірінше, Вашингтон жаңа тәуелсіз мемлекеттердің қауіпсіздік кеңеске мүше болуына белсенді ат салысты. Себебі, біріншіден, КСРО ыдырағаннан кейін пост-ке-

ңестік кеңістікте либералды демократияны тарату Вашингтон билігінің негізгі миссиясы болды. Екіншіден, жаңадан пайда болған Орталық Азия мемлекеттерінің исламмен тарихи байланысын есепке алғанда, Таяу Шығыстағы радикалды саяси күштердің аймаққа ықпал ету мүдделерінің арту қауіпін болдырмау басты приоритет болды. Үшіншіден, Орталық Азия аймағындағы табиғи ресурстарды игерудегі Вашингтонның мүдделілігі де маңызды рөл атқарды (Miko, F.T., 1993:61-71).

Қырғызстанның 1998 жылы 14 қазанда ДСҰ-ның 133-шы мүшесі болып қабылданды. Келіссөздер процесі екі жарым жылға созылды. Қырғызстанның ДСҰ-ға мүшелікке ұмытлуына бірнеше факторлар әсер етті. Біріншіден, мемлекеттің әлемдік нарық кеңістігіне шығуға дайын болуы. Ұйым шеңберінде бірыңғай тарифтік базалар, сауда операцияларындағы дискриминациялық сипатының жоқ болуы тартымды болды. Екіншіден, мемлекеттің ішкі деңгейіндегі саяси элиталар арасында ұйымға кіруге қатысты қарама-қайшы позициялардың болмауы. А.Ақаев бұл саяси шешімді қабылдауда ұлттық саяси элитаны біріктіре алды. Үшіншіден, Бішкек билігі ДСҰ арқылы ішкі экономиканы жандандыруға потенциалды серіктестерден сыртқы инвестиция тартуға болады деп сенді.

Ұйымға мүше болу теориялық тұрғыдан Қырғызстанға әлемдік сауда кеңістігіне шығуға, ел экономикасындағы құқықтық-базалық нормаларды халықаралық сауда операцияларын жүргізудің стандарттарына сәйкестендіруге, көпжақты әріптестікті іске асыруға, пост-кеңестік мемлекеттермен экономикалық қарым-қатынастарда ұйым шеңберіндегі өз мүдделерін алға тартудағы артықшылықтарға мүмкіндіктерімен қамтамасыз ету керек еді. Дегенмен, іс-жүзінде Қырғызстанның ДСҰ-ға мүше болып қабылдануы ұйымға мүше емес мемлекеттермен қарым-қатынастарды орнатуда көптеген қиыншылықтар алып келді. Ішкі нарықты ұйым шеңберіндегі талаптар бойынша ашу ішкі өндіріс көздерінің жұмысын тежей бастады. Қырғызстанның өз өнімдеріне басымдық беру, сыртқы нарыққа экспортқа шығару мүмкіндігі төмендей бастады. Протекционизм ДСҰ талаптарына сәйкес келмейді. Керісінше, мемлекеттің өз өндірістік тауарлары басқа да арзан альтернативалық тауарлармен бағасы мен сапасы тұрғысынан бәсекелестікке қабілетсіз болды.

Оның үстіне, А. Ақаев ДСҰ аясындағы талаптар мен шарттарды ұлттық мүддеге сай сортауы қажет еді. Басқаша сөзбен айтқанда, Бішкек

ұйым аясындағы «міндеттемені» қажет етпейтін бірқатар келісім-шарттарға «асығыс» қол қойды. Мысалы, «Азаматтық авиатехника саудасы туралы келісім-шартқа» қол қою авиатехникалық өндірісі жоқ Қырғызстан үшін қатыстық тұрғыдан қажеттілігі жоқ сала еді. Соның нәтижесінде, ДСҰ-дағы жетекші мемлекеттер Қырғызстанның ішкі экономикасын тұрақтандыруға бағытталған мемлекеттік араласу процесіне қатысты шешімдерге даулай алу мүмкіндігіне ие болды. Бұл Қырғызстанның өз мүддесіне залал келтіретін мәселелерде ДСҰ-ға жетекші мемлекеттеріне елеулі жеңілдіктер жасауға мәжбүрлейді. Бұл Қырғызстанның ұлттық экономикалық қауіпсіздігіне қауіп төндірмей ме? – дейтін сұрақтар туғызады.

Сонымен қатар Қырғызстанның ДСҰ-ға мүше болғаннан соң экономикалық тұрғыдан ТМД елдерімен қарым-қатынастары ушығып кетті. Қырғызстан экономикасы ТМД шеңберінде де-факто оқшауланып қалды. Себебі ол мемлекеттер Қырғызстан аумағынан келетін шетелдік арзан тауарлардың өз аумағына өтуін тежеу арқылы өз экономикасын қорғауға ұмтылды. Қырғызстанмен шекараласатын көрші мемлекеттер кедендік шектеу режимдерін қолданды. Нәтижесінде, Қырғызстан арзан тауарлардың алып-сатудың транзиттік зонасына айналды. Бұл ішкі өндірісті дамытуға үлкен кедергі. Қырғызстандағы өндіріс көздерін ашу шетелдік инвесторларға тиімсіз, әрі тартымсыз болды. Мемлекет өндіріс көздерін ашуға қажетті инфрақұрылымдарды жаңартуға, жаңадан құруға қабілетсіздікті көрсетті.

Қырғызстанмен НАТО құрылымдары арасындағы қарым-қатынас егемендік алған жылдардан басталды. 1994 жылы 1 маусымда А. Ақаев «Бейбітшілік үшін әріптестік бағдарламасы (Partnership for Peace)» шеңберінде НАТО-мен әріптестік келісіміне қол қойды. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты – әскери саладағы заманауи реформалар жүргізу, тиімді әскери институттарды құру, қарулы күштердің қызметін азаматтық қоғамдық бақылауды күшейту, әскери саладағы бейбітшілік орнату және гуманитарлық потенциалын арттыру, мемлекеттің егемендігі мен территориялық біртұтастығына тікелей қауіп төнгенде НАТО жетекші мемлекеттерімен бағдарлама аясында консультациялық әріптестікті нығайту сияқты бағыттарды қамтыды. НАТО мен Бішкектің байланысы әсіресе, 2000 жылдардың басында өз максимумына жетті. Ол бірінші кезекте АҚШ пен НАТО-ның Ауғанстанда жүргізген «Мызғымас бостандық»

операциясы аясында Бішкекетің халықаралық Манас әуежайы маңындағы әуе әскери базасын орнатуымен байланысты болды. Ал, 2014 жылы әскери базаның жабылуымен екі тарап қарым-қатынастары суып кетті. Бұл жағдайға келесі факторлар әсер етті. Біріншіден, НАТО-ның басшылығымен іске асырылған соңғы ширек ғасырдағы интервенциялық әрекеттері тиісті мемлекеттер мен аймақтардағы гуманитарлық катаклизмдерге алып келді. Мысалы, Ауғанстан, Ирак, Ливия, Сириядағы жағдайлар мұның дәлелі. Екіншіден, НАТО-ның әскери кампаниялары тиісті мемлекеттердегі авторитарлық режимдерді құлатуға және либералды демократияны орнатуға бағытталды. Әрине, бұл жағдай Орталық Азия мемлекеттеріндегі саяси режимдерге үлкен қауіп. Үшіншіден, НАТО-ның Орталық Азиядағы, соның ішінде Қырғызстанмен ресми байланысының артуы аймаққа өз ықпалдылық мүдделері бар Ресей мен Қытайдың мүдделеріне қарама-қайшы келді. Осыған орай, қос мемлекет саяси басшылары НАТО ықпалдылық аймағының кеңеюіне мүмкіндік бермеуге тырысты.

Оның үстіне, Қырғызстан НАТО-нан бөлек, қауіпсіздік шеңбері аясында өзге де аймақтық интеграциялық жобалардың құрамдас мүшесі болып табылады. Ол – ҰҚШҰ мен ШЫҰ. ҰҚШҰ НАТО сияқты БҰҰ Жарғысы қағидаттарына сүйенеді және ұйым кеңістігінде әскери базалары бар. Сонымен қатар, НАТО сияқты ұйымға мүше мемлекеттерге сырттан агрессия қауіпі төне қалған жағдайда ол ұйымға жасалған агрессия ретінде қабылданатын, ұйым шеңберінде қауіпті тойтаруға ат салысатындығы жайлы ұжымдық қауіпсіздік қағидаты бар. Сондықтан, аймақтық тұрғыда ҰҚШҰ НАТО-ның Орталық Азиядағы аналогы іспеттес. Алайда, ҰҚШҰ-ның басты қағидаттарының бірі – мүше мемлекеттердің ішкі жағдайына «араласпаушылық қағидаты». Осыған сәйкес, 2010 жылы Қырғызстанның оңтүстігіндегі Ош және Джалалабад обылыстарында ұлтаралық қақтығыс күшейгенде Қырғызстан Президенті Роза Отунбаеваның ішкі жағдайды тұрақтату мақсатындағы ҰҚШҰ-на бітімгершілік күштерді кіргізу ұсынысын жіберді. Дегенмен, ұйым бұл ұсынысты қабылдаған жоқ. Ресей Президенті Дмитрий Медведев ҰҚШҰ бітімгершілік күштерін Қырғызстан аумағына кіргізу мемлекеттің территориялық біртұтастығын екінші одақтас күштердің кіріп, бұзуымен тең деп бағалады. 2020 жылы Қырғызстан аумағындағы мемлекеттік төңкеріс орын алғанда да ҰҚШҰ бітімгершілік күштері Қырғызстанға кіргізілген жоқ.

ҰҚШҰ-ның қызметіне төленетін мүшелік жарна – Ресей 50%, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Армения 10%-ды құрайды. Жарнаның жартысыне төлеу – Ресейге ұйым аясындағы үстемділікті береді. Бұл Ресейге аймақтағы үстемділік ықпалын тұрақтандыруға мүмкіндікті қамтамасыз етеді. ҰҚШҰ Жарғысының 7-бабына сәйкес, ұйымға мүше мемлекет өзге мүше мемлекеттердің бірауыздан мақұлдауынсыз өз аумағында үшінші тарап мемлекеттердің әскери базасын орнатуға рұқсат ете алмайды. Ресей ұйымның қаржылық және әскери аспектілерінің негізгі қаңқасын құрап отырғандықтан, кез-келген уақытта ұйым аясында мүше мемлекеттерге әскер кіргізу немесе әскери базасын салу мәселелеріне veto құқығын пайдаланып, тежеу қоя алады. Ал, ұйым шеңберінде Ресейге ұйымға мүше мемлекеттердің аумағында әскери базасын құру және орнату – өзі географиялық тұрғыдан шектесетін ядролық державаларды тежеуге мүмкіндік береді. Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан – Қытаймен, Беларусь – НАТО-ға мүше мемлекеттер Литва мен Польшамен шектеседі.

6. Бейтараптылық позицияға ұмтылу

Қырғызстанның сыртқы саяси концепциясының негізгі қағидаттары классикалық бейтараптылықты қарастырмайды. Классикалық бейтараптылық реалистік көзқарас бойынша бейтараптылық – мемлекеттің соғысуы мемлекеттерді қолдамауы, бейбіт жағдайда агрессивті әскери-саяси блоктарға қосылмауы және әскери күштері мен әлеуетін арттырмауға ұмтылуын білдіреді. Сонымен қатар, халықаралық құқықта бейтараптылық мемлекеттің сыртқы саясатындағы әрекеттерінде 3 түрлі шектеу қояды. Біріншіден, мемлекет өз әскери контингентін және әскери техникаларын соғысушы мемлекеттерге көмекке жібермеуі қажет. Екіншіден, мемлекет өз территориясын плацдарм (әскери база құру, транзит т.б.) ретінде соғысушы тараптарға пайдалануға рұқсат бермеуі керек. Үшіншіден, мемлекет қару-жарақ пен әскери мақсаттағы құрал-жабдықтарды жеткізуде тараптардың ешқайсысына бөлмеуі (дискриминация) қажет. Осы логика тұрғысынан келгенде Қырғызстан сыртқы саясатта бейтараптылыққа сәйкес келетін әрекеттерді жасаған жоқ.

Керісінше, Қырғызстан – Ұжымдасқан қауіпсіздік шарты ұйымының толыққанды мүшесі болып табылады. Оның үстіне, Қырғызстан ҰҚШҰ-ның негізін қалаушы мемлекеттердің бірі. Ол, 1992 жылы мамыр айында Ташкентте өткен ТМД мемлекеттер басшыларының кездесуінде

Ұжымдасқан қауіпсіздік шартына қол қойды. Ал, кейін, 2012 жылы Ұжымдасқан қауіпсіздік шартының тиісті мүшелері Ұжымдасқан қауіпсіздік шарты ұйымын құрғанда да ұйымның негізін салушы мемлекеттердің біріне айналды. Бұл Қырғызстанның әскери блокқа мүше екендігін білдіреді. Аймақтық гегемон – Ресей ҰҚШҰ аясындағы және екіжақты келісімдер бойынша Қырғызстанның сыртқы қауіпсіздігінің негізгі кепілі. Оның үстіне, 2003 жылы Ресей Қырғызстанмен Қант қаласында әскери базасын құру туралы 15 жылдық келісім-шартқа қол қойды. Ал, 2012 жылы ҰҚШҰ құрылғанда бұл әскери база ҰҚШҰ-ның әскери базасына айналдырылды.

Сонымен қатар, Қырғызстан 2001-2010 жылдар аралығында АҚШ және одақтастарының Ауғанстандағы анти-террористік «Мызғымас бостандық» әскери операциясын жүзеге асырғанда өз территориясынан – Манас халықаралық әуежайы маңынан АҚШ-қа әскери база құруға мүмкіндік берді. Бұл әскери әуе база Ауғанстандағы әскери операцияларды жүзеге асыру үдерісінде жаңа әскери контингентті жеткізу, құрал-жабдықтарды жеткізу, әскери техникалардың жанармайын құю пункті ретінде пайдалану сияқты функцияларды атқарды.

Егер Қырғызстанның сыртқы саясаты көпвекторлы саясаты негізінен әлемдік және аймақтық гегемондық агрессивті халықаралық әскери кампанияларды қолдамаса да, оның географиялық орналасуы мен шағын мемлекет ретіндегі өзге мемлекеттерге өзара тәуелділіктің артуы оның толыққанда бейтараптылықты ұстануға мүмкіндік бермейді.

Қорытынды

Бұл зерттеу Қырғызстанның шағын мемлекет ретіндегі сыртқы саясатының сипатын реалистік көзқарас тұрғысынан талдауға бағытталды. Зерттеудің тұжырымдық бөлімінде шағын мемлекеттердің сыртқы саясатына қатысты реалистік тұжырымдарды сараптай келе, талдау мақсатында 6 түрлі реалистік концептуалдық критерийді таңдап алды.

Біріншіден, Қырғызстанның әлемдік үрдістерге пассивті (төмен деңгейде) қатысуы шағын мемлекет ретіндегі оның мүмкіндіктерінің шектеулі екенін көрсетті. Қырғызстанның әскери-саяси және әлеуметтік-экономикалық әлеуеті оның әлемдік, халықаралық және аймақтық қатынастарда шектеулі деңгейдегі дербестікті көрсетті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары батыстық үлгідегі либералды-демократиялық ре-

формалар мен экономикасын либералды нарықтық жүйеге ауыстыруға тырысу әрекеттері шын мәнінде батыстық гегемондық полюске жақындау және соның қолдауына, суб-жүйесіне айналу мүмкіндіктерін бергенімен, ұлттық мүдде толығымен ақтаған жоқ. Аймаққа бірнеше полюстің (Ресей, Қытай, АҚШ) ықпалдық қарым-қатынастарға мүдделі болуы Қырғызстанның дербес мемлекет ретіндегі өз мүддесін түрлілендіруге алып келді. Бұл мемлекетті сыртқы саясатта тек қана державалық мүдделер қақтығысындағы теңгерімділікті табумен шектелуге алып келеді.

Екіншіден, Қырғызстан алға тартатын мәселелердің әлемдік қауымдастық тарапынан кең көлемде ескерілмеуі, басқаша сөзбен айтқанда, пассивті инициативалары болды. А.Ақаев пен оның ізбасарларының БҰҰ немесе аймақтық ұйымдар шеңберіндегі ұсыныстары мен бастамалары негізінен символикалық рөлді атқарды. Ис-жүзінде олар Бішкекке түбегейлі стратегиялық артықшылықтар берген жоқ. Ал, негізінде Қырғызстан керісінше, қауіпсіздік және экономикалық әл-ауқатын арттыру бағыттарында сырттан келген бастамалар мен интеграциялық жобаларды қолдау және соның жетегінде кетуден басқа мүмкіндігі болмады. Қауіпсіздік тұрғыдан Ресейге, экономикалық тұрғыдан Қытайға, саяси элиталар режимінің халықаралық легитимділігін сақтап қалудағы әрекеттері алпауыт полюстердің арасындағы маневрлік сипаттағы саяси шешімдермен шектелді. Бұл да Қырғызстанның шағын мемлекет ретіндегі өз мүмкіндіктерінің шектеулілігін көрсетеді.

Үшіншіден, бұл зерттеу мемлекеттің географиялық орналасуындағы pros/cons факторларын қарастыратын географиялық орналасуының ерекшеліктеріне геосаяси тұрғыдан тоқталды. Қырғызстан аумағының мұхитқа шыға алмаушылығы оның саяси-экономикалық мүдделерінің толығымен жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Мемлекеттің табиғи байлықтардың қоры бойынша шектеулі мүмкіндіктерге ие болуы оның өз мүддесі тұрғысынан өзге акторлармен тиімді сыртқы саяси шарттарды «саудаласуға» мүмкіндікті азайтады. Оның үстіне, Тәжікстанмен әлі күнге дейін мемлекеттік шекараны өздігінен шеше алмауы, ішкі энергетикалық сұраныстарды қамтамасыз ете алмауы мемлекеттің шағындығын тағы да дәлелдейді.

Төртіншіден, мемлекеттің әлемдік үдерістерде туындайтын аймақтық немесе халықаралық мәселелерді шешуде халықаралық құқық және нормаларды алға тартуы болып табылады. Халықаралық құқықтық-нормаларға сүйену

реализм шеңберіндегі шағын мемлекеттердің халықаралық үдерістердегі өз егемендігін сақтап қалудағы негізгі стратегиялық қадам болып саналады. Қырғызстан өз егемендігін БҰҰ-ның құқықтық нормалары мен бастамалары, қауіпсіздік және экономикалық әлеуетін халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар шеңберінде қабылданған қағидаттар мен құқықтық нормалар шеңберінде қорғауға, сақтауға, алға тартуға мәжбүр.

Бесіншіден, мемлекеттің халықаралық ұйымдар мен бірлестіктерге мүше болуға ұмтылуы – халықаралық қатынастарда өз егемендігін сақтап қалудағы ең маңызды стратегия ретінде қарастыруы. Бұл шағын мемлекет ретіндегі Қырғызстанның сыртқы саяси үдерістердегі туындайтын қауіп-қатерлер мен сын-тегеуріндерге төтеп беру, экономикалық дамуда гегемондар жетегіндегі әр түрлі халықаралық ұйымдарға мүше болуға ұмтылуын аңғару қиын емес. Егер ҰҚШҰ Қырғызстанға әскери қауіпсіздік, бойынша «қолшатыр» қызметін атқарса, ШЫҰ – терроризм, экстремизм, сепаратизмнен келетін қауіптерді тойтаруға мүмкіндік береді. Ал, ДСҰ мен ЕЭО мемлекеттің экономикалық сыртқы саясатындағы сұраныстарын қанағаттандыруға ат салысады. Дегенмен, әр ұйымның шеңбері мен нормалары универсалды сипатқа ие болған

дықтан, Қырғызстан үшін ұйымдар шеңберінде өз мүдделерін алға тарту аясы шектеуліктерге ие.

Алтыншыдан, халықаралық мүддерлер қақтығысындағы бейтараптылыққа ұмтылуына қатысты пікір әр түрлі. Қырғызстан классикалық бейтараптылыққа ұмтылмайды. Себебі, оның сыртқы саяси әрекетінде халықаралық құқықтық нормалар бойынша анықталатын бейтараптылық әрекеттері байқалмайды. Бейтараптылықты талап ететін соғысушы тарапты қолдамау, соғысушы тараптың әскери базасын кіргізбеу, әскери-саяси блокқа қосылмау сияқты қағидалар Қырғызстанның сыртқы саясатындағы әрекеттеріне сәйкес келмейді. Оған себеп, Қырғызстан аз жылдық тәуелсіз мемлекеттік тарихында өз территориясында екі блок – НАТО мен ҰҚШҰ-ның әскери базасын құруға және пайдалануға мүмкіндік береді.

Сонымен, Реализм концепциясы шағын мемлекеттердің халықаралық және аймақтық қатынастардағы өз қауіпсіздігі, экономикалық әлеуетін, өміршеңдіген сақтау үшін гегемон мемлекеттер мен блоктық жүйелердің ықпалы аясында жүзеге асады деп қарастырса, бұл концепция Қырғызстанның сыртқы саясатындағы әрекеттерінің сипатының бір қырын түсіндіруге әлеуетті екеніне көз жеткізуге болады.

Әдебиеттер

- Archer, C., Bailes, A.J.K., Wivel, A. (2014). *Small States and International Security: Europe and Beyond*, Abingdon: Routledge.
- Armstrong, H.W., Read, R. (1998). Trade and Growth in Small States: The Impact of Global Trade Liberalisation, *The World Economy*, 21(4), pp. 563–585.
- Amstrup, N. (1976). The Perennial Problem of Small States: A Survey of Research Efforts. *Cooperation and Conflict*, 11(3), pp. 163–182
- Azar, E.E. (1973). *Probe for Peace: Small State Hostilities*. Minneapolis: Burgess Publishing Company.
- Baldacchino, G., Wivel, A. (2020). *Handbook on the Politics of Small States*, Edward Elgar Publishing Limited, pp. 1-446
- Baker Fox, A. (1959). *The Power of Small States: Diplomacy in World War II*. Chicago: Chicago University Press.
- Bratt, E. (1951). *Småstaterna i idéhistorien. En studie i äldre statsdoktriner*, Uppsala: Almqvist & Wiksell.
- Cappis, O.B. (1923). *Die Idee des Kleinstaats im Deutschland des 19. Jahrhunderts*. Säckingen: Buchdruckerei Fr. Mehr.
- Carvalho, B., Neumann, I.B. (2014). *Small State Status Seeking: Norway's Quest for International Standing*, Abingdon: Routledge.
- Clarke, C., Payne, T. (1987). *Politics, Security, and Development of Small States*, London: Allen & Unwin. pp. 1-238
- Corbett, J., Veenendaal, W. (2019). Why Small States are Beautiful. *Political Insight*, 10(1), pp. 4-8
- De Russett, A. (1954). Large and Small States in International Organization: Present Attitudes to the Problem of Weighted Voting, *International Affairs*, 30(4), pp. 463–474
- East, M.A. (1973). Size and Foreign Policy Behavior: A Test of Two Models, *World Politics: A Quarterly Journal of International Relations*, 25(4), pp. 556–576.
- Fazal, T. (2007). *State Death: The Politics and Geography of Conquest, Occupation and Annexation*, Princeton: Princeton University Press, pp. 1-320
- Handel, M. (1981). *Weak States in the International System*. London: Frank Cass.
- Harden, Sh., ed. (1985). *Small Is Dangerous: Microstates in a Macro World*.
- Hey, J.A.K., (2003). *Small States in World Politics: Explaining Foreign Policy Behavior*, Boulder, CO: Lynne Rienner Publishers, pp. 1-240
- Höll, O., ed. (1983). *Small States in Europe and Dependence*. Vienna: Braumüller.

- Jesse, N.G. (2006). Choosing to go it Alone: Irish Neutrality in Theoretical and Comparative Perspective, *International Political Science Review*, 27(1), pp. 7–28.
- Jesse, N.G., Dreyer, J.R. (2016). Small States in the International System: At Peace and at War, Lexington Books, pp. 1-215
- Ingebritsen, Ch. (2002). Norm Entrepreneurs: Scandinavia's Role in World Politics. *Cooperation and Conflict*, 37(1), pp. 11–23.
- Ingebritsen, Ch., Neumann, I., Gstöhl, S., Beyer J. (2006). Small States in International Relations, University of Washington Press, pp. 1-341.
- Ingalls, Gerald. "Outlining and Expanding Existing Theory." In *Buffer States in World Politics*, ed. John Chay and Thomas E. Ross, 231–240. Boulder, CO: Westview Press, 1986.
- Kainazarova, Ch. (2018). «New trends in Kyrgyz foreign policy». MPRA Paper 86491, University Library of Munich, Germany.
- Katzenstein, P. J. (2003). Small States and Small States Revisited, *New Political Economy*, 8(1), pp. 9–30.
- Keohane, R. O. (1969). Lilliputians' Dilemmas: Small States in International Politics, *International Organization*, 23(2), pp. 291–310.
- Kindley, R.W., Good, F. D., eds. (1997). The Challenge of Globalization and Institutions Building: Lessons from Small European States. Boulder/Oxford: Westview Press.
- Knudsen, O.F. (2002). Small States, Latent and Extant: Towards a General Perspective, *Journal of International Relations and Development*, 5(2), pp. 182–198.
- Larsen, H. (2005). Analysing the Foreign Policy of Small States in the EU The Case of Denmark, Palgrave Macmillan: New York, pp. 1-257
- Lindell, U. & Persson, S. (1986). The Paradox of Weak State Power: A Research and Literature Overview, *Cooperation and Conflict*, 21(2), pp. 79–97
- Liska, G. (1968). Alliances and the Third World, Studies in International Affairs, 5. Baltimore: Johns Hopkins Press.
- Long, T. (2022). A Small States Guide to Influence in World Politics, Oxford University Press, pp. 1-241
- Mares, D. R. (1988). Middle Powers under Regional Hegemony: To Challenge or Acquiesce in Hegemonic Enforcement, *International Studies Quarterly*, 32(4), pp. 453–471.
- Mathisen, T. (1971). The Functions of Small States in the Strategies of the Great Powers. Oslo: Universitetsforlaget.
- Miko, F. T. (1993). American perspectives on the Helsinki Review Conference and the future role of the CSCE. In M. R. Lucas (Ed.), *The CSCE in the 1990s: Constructing European security and cooperation* (pp. 61-71). Nomos Verlagsgesellschaft.
- Morgenthau, J.H. & Thompson, K.W. (1997). *Politics Among Nations: The Struggle for Power and Peace*, 6th Edition, McGraw-Hill, Inc., pp.1-688
- Moses, J.W. (2000). *Open States in the Global Economy: The Political Economy of Small-State Macroeconomic Management*. New York: Macmillan.
- Mueller, K. (1991). *Strategy, Asymmetric Deterrence, and Accommodation: Middle Powers and Security in Modern Europe*. Princeton University.
- Neumann, I. B., Gstöhl, S. (2006). Introduction: Lilliputians in Gulliver's world?, pp. 3–36 in Ingebritsen, C., Neumann, I. B., Gstöhl, S., Beyer, J. (Eds.), *Small States in International Relations*, Seattle, WA: University of Washington Press.
- Olafsson, B.G. (1998). *Small States in the Global System: Analysis and Illustrations from the Case of Iceland* Aldershot, UK: Ashgate, pp. 1-176
- Ornston, D. (2012). *When Small States Make Big Leaps: Institutional Innovation and High-Tech Competition in Western Europe*. Ithaca, New York: Cornell University Press.
- Pace, R. (2000). Small States and the Internal Balance of the European Union: The Perspective of Small States, in: "Gower, J., Redmond, J. (ed.), *Enlarging the European Union: The Way Forward*, Burlington, VT: Ashgate, pp. 107–109.
- Partem, Michael Greenfield. "The Buffer System in International Relations." *Journal of Conflict Resolution* 27.1, (1983): 3–26.
- Rothstein, R. (1968). *Alliances and Small Powers*, New York: Columbia University Press.
- Salvatore, D., Svetlicic, M., Damijan, J.P., eds. (2001). *Small Countries in a Global Economy: New Challenges and Opportunities*, Basingstoke: Palgrave Macmillan.
- Schou, A., Brundtland, A.O. eds. (1971). *Small States in International Relations*. Stockholm: Almqvist & Wiksell.
- Sieber, E. (1920). *Die Idee des Kleinstaates bei den Denkern des 18. Jahrhunderts in Frankreich und Deutschland*. Basel: Verlag der Basler Bücherstube, Kobers Buch- und Kunsthandlung.
- The World Bank Statistic Data. (2000). "The World Bank In Small States", у, (Қаралған күні: 14.03.2024)
- Turmanidze, Tornike. *Buffer States: Power Policies, Foreign Politics, and Concepts*. New York: Nova Publishers, 2009.
- Vogel, H. (1983). "Small States' Efforts in International Relations: Enlarging the Scope," in Otmar Höll, ed., *Small States in Europe and Dependence*. Vienna: Braumüller, pp. 54–68
- Vital, D. (1967). *The Inequality of States: A Study of the Small Power in International Relations*. Oxford: Clarendon Press.
- Vital, D. (1971). *The Survival of Small States: Studies in Small Power/Great Power Conflict*. Oxford: Oxford University Press
- Waltz, K.N. (1979). *Theory of International Politics*, New York: McGraw Hill, pp. 1-255.
- Waltz, K.N. (2001). *Man, the State and War*, Columbia University Press, pp. 1-263
- Wivel, A., Oest, K.J.N. (2010). Security, Profit or Shadow of the Past? Explaining the Security Strategies of Microstates, *Cambridge Review of International Affairs*, 23(3), pp. 429–453.
- Абытов, Б.К. (2023). Кыргызстан и Таджикистан: корни пограничных конфликтов и пути их урегулирования. Вопросы востоковедения, (1), 1-13.
- Адылбекова Б.В., Байтиков А.Э. (2023). Стратегическое и перспективное укрепление партнерства между Кыргызстаном и Узбекистаном. *Вестник Ошского государственного университета. Медицина*, 2 (2), сс. 45-53.

- Токтобекова, М.А. (2016). Экономика Кыргызской республики в условиях интеграции в ЕАЭС: проблемы финансирования, кредитования и инвестирования. *Промышленность: экономика, управление, технологии*, 2(61), сс. 43-46.
- Арзыматова А.А., Атыканова Д.А. (2022). Некоторые аспекты истории кыргызско-узбекских межэтнических отношений в хронологический период 1990-2010. *Международный журнал гуманитарных и естественных наук*, (5-1), сс. 52-58.
- Балтабаев, Ж.Р. (2021а). Политико-экономические основы и приоритеты интеграционной политики Кыргызстана, *Евразийский Союз Ученых*, 3-4(84), сс. 42-44.
- Балтабаев, Ж.Р. (2021б). Реформирование СНГ: позиция Кыргызстана, *Евразийский Союз Ученых*, 3-4 (84), 45-48.
- Бейшеналиев, А.Б. (2018). Проблемы политического характера в отношениях Кыргызстана и США, *Азимут научных исследований: экономика и управление*, 7-3(24), сс. 349-352.
- Бостонкулова, М.Т. (2015). Развитие дипломатических отношений Кыргызстана и Казахстана в период социально-политических перемен. *Наука, новые технологии и инновации*, (3), сс. 193-195.
- Гарбузарова Е.Г. (2018). Стратегическое партнерство Кыргызстана и Китая в экономической сфере: перспективы и риски, *Universum: общественные науки*, 4 (45), сс.1-5.
- Дугин А. (2000). Основы геополитики. Геополитическое будущее России. Мыслить пространством, «АРКТОГЕЯ-центр», сс. 1-928
- Закиров, М.А. (2007). История кыргызско-американских отношений в 1991-2005 гг. (политический и культурно-гуманитарный аспект), Монография. Институт истории НАН КР, Олимп, сс. 1-147.
- Иманалиев М.С., Джоробекова А.Э. (2018). Концептуальные основы взаимоотношений Кыргызстана и Китая в свете инициативы Си Цзиньпина о совместном строительстве «Экономического пояса Шелкового пути». *Вестник Томского государственного университета. История*, (52), сс. 38-42.
- Караева, Н.Б. (2023). О развитии и перспективе отношений Кыргызстана и Казахстана. *Международный журнал гуманитарных и естественных наук*, 10-4 (85), сс. 10-12.
- Конгайтиева, Г.А. (2016). Сотрудничество Кыргызстана с КНР как стратегический приоритет внешней политики. *Наука, техника и образование*, 1(19), сс. 164-167.
- Ларюэль, М. (2013). «Внешняя политика и идентичность в Центральной Азии». *Pro et Contra*, сс. 6-20.
- Лаумулин, М.Т. (2020). Международное положение и внутривнутриполитическое развитие современного Кыргызстана. Ссылка: <https://isca.kz/ru/analytics-ru/3502>
- Макеева, С.Б. (2019) Проблемы экономических взаимоотношений между странами ЕАЭС (Кыргызстаном и Казахстаном), *Актуальные вопросы современной экономики*, (5), сс. 525-534
- Мамытов, У.Ж. (2008). Становления внешней политики Кыргызской Республики и Республики Казахстан и их внешнеполитические приоритеты, *Республиканский научно-теоретический журнал «Известия вузов Кыргызстана»*, 5(6), сс. 141-142.
- Мамытов, У.Ж. (2017). Межгосударственные отношения Кыргызстана и Казахстана (1991-1998 гг.), *Наука, новые технологии и инновации*, (5-6), сс. 250-252
- Наматбекова, Н.М. (2018а). Ресурсы внешней политики Кыргызстана. *Международный журнал гуманитарных и естественных наук*, (1), сс. 26-29.
- Наматбекова Н.М. (2018б). Кыргызско-американские политические отношения. *Международный журнал гуманитарных и естественных наук*, (1), сс. 22-25.
- Наматбекова Н.М. (2019). Участие Кыргызстана в СНГ и ЕАЭС – приоритет для Кыргызстана. *Вестник Тувынского государственного университета, Социальные и гуманитарные науки*, 2 (44), сс. 19-26.
- Новикова, И.Н. (2022). Малые страны в международных отношениях: некоторые теоретические аспекты. *Вестник Санкт-Петербургского университета. Международные отношения*, 15 (3), сс. 219-242.
- Ормонова А.А. (2014). Внешняя политика России и Кыргызстана – пути их взаимодействия. *Вестник университета*, (1), сс.120-123.
- Осмоналиев, К. (2020). О текущем состоянии внутренней и внешней политики Кыргызстана. *Международное сотрудничество евразийских государств: политика, экономика, право*, (2), 85-96.
- Осмонов С.М. (2022). Кыргызстан и Россия в XXI в. В свете обновленных внешнеполитических концепций. *Бюллетень науки и практики*, 8 (9), сс. 625-629.
- Пазилов, Б.К., Жоробеков Ж.Ж. (2019). Современные тренды внешней политики Кыргызской Республики», *Республиканский научно-теоретический журнал «Известия вузов Кыргызстана»*, (2), сс. 163-168.
- Пазилов Б.К. (2016). Киргизия в евразийском экономическом союзе: предпосылки, первые результаты и перспективы. *Власть*, (4), 209-213.
- Парамонов, В., Строков, А. (2015). Основные проблемы на пути сотрудничества в центральной Азии: прогноз внешней политики стран региона, *Центральная Азия и Кавказ*, 18 (1), сс. 68-90.
- Перская, В.В. (2016). Место и роль Кыргызстана в развитии евразийского экономического Союза, *Финансы: теория и практика*, 20(6), сс. 133-139.
- Рыжов И., Бородин М., (2019). Основные приоритеты внешней политики Кыргызстана, *Актуальная геополитика*, 44(3), сс. 142-157.
- Самадова, Ф., Чыныкеева, Г. (2022). Ключевые приоритеты внешней политики Кыргызстана и Узбекистана, *Вестник Омского государственного университета. История*, (1), сс. 77-82.
- Темирбекова А. (2019). Кыргызская Республика в стратегических планах США. *Постсоветские исследования*, 2 (3), сс. 1130-1140.

Хорак, С. (2007). Динамика российско-кыргызстанских отношений: от ситуации центр — периферия к односторонней зависимости?, *Центральная Азия и Кавказ*, 5(53), сс. 86-98.

Авторлар туралы мәлімет:

Парпиев Сырым Маратович – Ph.D., Халықаралық қатынастар факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: parpiyev.syrym@gmail.com)

Мухаметжан Ақбота Ерлікқызы – 3-курс докторанты, Халықаралық қатынастар факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: akbota.mukhametzhan@gmail.com)

Жекенов Думан Курмангазиевич – Ph.D., қауымдастырылған профессор, Халықаралық қатынастар факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: duman.zhekenov@gmail.com)

Information about authors:

Parpiyev Syrym Maratovich (corresponding author) – Ph.D., Faculty of International Relations, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: parpiyev.syrym@gmail.com).

Mukhametzhan Akbota Yerlikkyzy – 3rd year Ph.D. student, Faculty of International Relations, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: akbota.mukhametzhan@gmail.com).

Zhekenov Duman Kurmangaziyevich – Ph.D., Associate Professor, Faculty of International Relations, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: duman.zhekenov@gmail.com).

Сведения об авторах:

Парпиев Сырым Маратович – Ph.D., Факультет международных отношений, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби (Казахстан, г. Алматы, e-mail: parpiyev.syrym@gmail.com).

Мухаметжан Ақбота Ерлікқызы – докторант 3 курса, факультет международных отношений, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби (Казахстан, г. Алматы, e-mail: akbota.mukhametzhan@gmail.com)

Жекенов Думан Курмангазиевич – Ph.D., ассоциированный профессор, факультет международных отношений, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби (Казахстан, г. Алматы, e-mail: duman.zhekenov@gmail.com)

Алғаш жіберілді: 28 мамыр, 2024 ж.

Қабылданды: 26 тамыз, 2024.